МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҺАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

# Almaty AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №111 (6246) 27 қыркүйек, сейсенбі, 2022 жыл.

#ӘділеттіҚазақстан

*Жастарға жан-жақты қолдау көрсету – мемлекетіміздің басты міндетінің бірі.*

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ТҰҢҒЫШ ҚҰРЫЛТАЙҒА – 30 ЖЫЛ!



## ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ ЖИЫНЫ

4

БАЛАЛАР ЖЫЛЫ



## ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР ҰМЫТЫЛЫП БАРАДЫ

6

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

### ШАҺАР БАСШЫСЫ ТҰРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСЕДІ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев 2022 жылғы 29 қыркүйекте, сағат 9.00-де Шевченко көшесі, 28 мекенжайдағы Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының ғимаратында Медеу ауданының тұрғындарымен кездеседі.

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы
*(бүгін және ертең)*

**27.09.2022**

Түнде:
+13+15 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:
+21+23 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

**28.09.2022**

Түнде:
+10+12 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:
+18+20 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Желдің жылдамдығы:
2-7, найзағай кезінде екпіні 10 м/с

ӘУЕЗОВ–125

# ҰЛЫЛЫҚ ЖОЛЫ

## Әлем әдебиетіне енген тұңғыш қазақ



**Абайтанудың басы. Алаш қайраткерлері соңғы тұяғының бірі. Ұлылардың соңы.**

**Ол кім дерсіз...**

**Әрине, Мұхтар Әуезов!**

**Ұлы қаламгер, жазушы-драматург Мұхтар Әуезовтің туғанына 125 жыл толды. Бүгінде еліміздің бар өңірінде кәнігі сөз зергерінің мерейтойына орай түрлі мәдени-әдеби, ғылыми іс-шаралар өтіп жатыр. Әуезовтану саласы тағы да қазынаға толды.**

5-8-9

**НӨМІРДІҢ НАҚЫЛЫ**

*Күшіңе сенбе, адал ісіңе сен.*

Мұхтар ӘУЕЗОВ.

STRANGER

# ДИМАШ ӘЛЕМІ

**Димаш ҚҰДАЙБЕРГЕН:**

## БІЗ БӘРІМІЗ – БІР ПЛАНЕТАНЫҢ БАЛАЛАРЫМЫЗ!

**«Жер бетінің халқы ұлтқа, дінге, нәсілге бөлінеді, бірақ біз бәріміз – бір планетаның балаларымыз және бір аспанның астында өмір сүреміз. Өмір – ең бағалы құндылық. Бірде-бір қасиетті кітап адамдарды қырып-жоюға шақырмайды. Біз достасуды үйренуіміз керек, бірді-екілі адам үшін миллиондаған балалар жапа шегіп жатыр. Бірлік болсын әлемде, жер шарының болашағы біздің қолымызда».**



Әлемнің Димашына айналған қазақтың дара да дана ұлы Алматыда алғаш рет жеке концертін берді. Сыйымдылығы отыз мың көрерменге арналған Орталық стадионға 35 мың билеттің санаулы күндерде сатылып кеткені өз алдына, осынау ғажайып концертті қалың қараша тағатсыздана күткенінің куәсі болдық. Әлемнің 70-ке жуық елінен келген димашшылар да, олардан бөлек, алаңға кірерге билет таппай, кумирін сыртта тұрып-ақ ұлықтаған мыңдаған жанкүйер де Stranger концертін тамсана тыңдап, қазақ әндерін Димашқа қосыла жырлап тұрды. Төрт сағат бойы Алматы аспанын ән тербеді. Алаштың алтын баласы бұл кеште «Бір аспанның тарихы» атты жаңа туындысының тұсауын кесті.

7

ҚЫСҚА...

- Бас прокуратура қазақстандықтарға үндеу жолдады.
- Т.Дүйсенова: жұмыс берушілер жас қызметкерлердің біліктілігін арттыруға міндетті.
- Көші-қон саясатының жаңа тұжырымдамасы әзірленді.
- Абай өңірінде табылған көне қала Ертіс өңіріндегі 12 қаланың бірі болуы мүмкін.
- Биыл елімізде студенттерге арналған 6 жатақхананың құрылысы басталады.
- 29 қыркүйекте Түркияда IV Дүниежүзілік көшпенділер ойындары басталады. Қазақстан намысын 53 спортшы қорғайды.
- Мектеп оқушыларын қауіпсіз тасымалдау үшін аймақтарға 515 жаңа автобус жөнелтіледі.
- Еліміздің барлық аймағындағы мектеп автобустары кезең-кезеңмен жаңартылады.
- Солтүстікке көшетін тұрғындарға ынталандыру сертификаты беріледі.

www.almaty-akshamy.kz

9 772223 237006

## «АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

### СЕНАТ

***ҚР Парламенті Сенаты Төрағасының орынбасары Асқар Шәкіров Хельсинки қаласында өткен халықаралық кездесуге қатысты.***

«Өзгеріс үстіндегі Еуропалық қауіпсіздік келбетіндегі ЕҚЫҰ және оның Парламенттік Ассамблеясының рөлі» тақырыбындағы жиынға қатысушылар қазіргі заманғы халықаралық күн тәртібіндегі ЕҚЫҰ-ның рөлі мен ұйымның өз әлеуетін іске асырудағы кедергілерге байланысты өзекті мәселелерді талқылады. ЕҚЫҰ-ның ішкі реформасына ерекше назар аударылды.

### МӘЖІЛІС

***Ерлан Қошановтың төрағалығымен Палатаның бюро отырысы өтіп, онда депутаттарға мемлекеттік жастар саясаты мәселелері бойынша түзетулер енгізу туралы заң жобасын бірінші оқылымда қарау ұсынылды.***

Сонымен қатар, Мәжіліс Конституциялық заң жобаларын екінші оқылымда қарайтын болады. Олар: Конституциялық Сот, Адам құқықтары жөніндегі уәкіл, Прокуратура, Мемлекет басшысының 2022 жылғы 16 наурыздағы Жолдауын іске асыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобалары.

### ҮКІМЕТ

***Премьер-Министр Әлихан Смайылов Реформалар жөніндегі Жоғары кеңес төрағасының орынбасары Сэр Сума Чакрабартимен кездесті.***

Басқосуда Мемлекет басшысының 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі Үкіметтің іс-шаралары талқыланды. Үкімет орта мерзімді кезеңге арналған Экономикалық саясат жобасын пысықтап жатқаны, оның негізгі бағыттары экономиканы әртараптандыру және жаңғырту, мемлекеттік басқаруды реформалау және адами капиталды кешенді дамыту екеніне назар аударылды. Тараптар жаңа инвестициялық жобаларды қаржыландыру және елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерін талқылап, өңірлік күн тәртібінің өзекті бағыттары бойынша пікір алмасты.

### САЛЫҚ

***Алматы қаласы мемлекеттік кірістер департаменті өндірістік емес төлемдер басқармасының басшысы Қуаныш Түменбаев жеке мүлік салығын төлеу мерзіміне қатысты 65 мыңнан астам алматылық өз міндеттемелерін әлі орындамағанын мәлімдеді.***

2021 жылға арналған жеке мүлік салығын төлеу мерзімі аяқталып қалса да әлі 65 мыңнан астам алматылық өз міндеттемелерін әлі орындамаған. 1 қазан күні жылжымайтын мүлік және жер учаскелері меншік иелерінің 2021 жылға есептелген мүлік салығын төлеу мерзімі бітеді. Санаулы күн қалса да, 65 215 меншік иесі салық міндеттемесін әлі орындамаған екен. «23 қыркүйектегі жағдай бойынша 505 мың адамның 440 мыңы 2021 жылға жалпы сомасы 2,9 млрд теңге мүлік салығын төледі. 65 мыңнан астам тұрғын жалпы сомасы 945 млн теңге салықты әлі төлеген жоқ», – деді спикер.

### САММИТ

***Алдағы қазан айында өтетін Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңестің саммитінде осы кеңесті толыққанды халықаралық ұйымға айналдыру мәселесі қаралмақ. АӨСШК-ні толыққанды халықаралық ұйымға айналдыру жоспары – Қазақстанның стратегиялық мақсаты.***

Бұл жөнінде АӨСШК хатшылығының атқарушы директоры Қайрат Сарыбай мәлімдеді. «12-13 қазанда Қазақстан елордасы 27 мүше елдің мемлекет және үкімет басшыларын қабылдайды. Бұл жерде олар АӨСШК-ні толыққанды халықаралық аймақтық ұйымға айналдыру қадамдарын іске қосады», – деді атқарушы директор.

### ЕАЭО

***Мәскеуде Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің кезекті отырысында ЕАЭО-ға қатысушы елдер үшін маңызды бірқатар мәселелер талқыланып, шешімдер қабылданды.***

Отырыстың күн тәртібіне мемлекеттік сатып алу, өзара сауда, техникалық, кедендік және салықтық реттеу, санитарлық және фитосанитарлық бақылау, өнеркәсіп, энергетика, сондай-ақ халықаралық ынтымақтастық салаларын қозғайтын 60 мәселе енгізілді. ЕАЭО периметріндегі сауда жолдарын әртараптандыруға бағытталған маңызды мәселелердің бірін Қазақстан тарапы көтерді. Бұл кеме қатынасы туралы Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті құжаттарды қабылдау. Кеме қатынасы туралы келісімнің Қазақстан флотының ашық теңізге шығуы үшін стратегиялық маңызы бар.

### МИНИСТР

***Сауда және интеграция министрі Серік Жұмангарин азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын ұстап тұру мәселелері бойынша селекторлық кеңес өткізді.***

Бүгінде өңірлерде үй жанындағы дүкендер, ірі супермаркеттер иелері және әлеуметтік маңызы бар азық-түліктің басқа да сатушылары арасында сауда саясаты туралы қолданыстағы заңнама бойынша ауқымды түсіндіру жұмыстары жүргізіліп жатқаны белгілі. СИМ Сауда комитеті негізгі азық-түлік тауарлары бағасының өсу серпіні деректерін талдаудың анықтығын арттыру үшін қоғамдық бақылау енгізіп, ӘМАТ тізбесіне кіретін азық-түліктің шектен тыс жоғары бағасына тұрғындардың өтініштерін қабылдау үшін call-орталықтар құрылды. Сондай-ақ, шағымдар Instagram және Facebook әлеуметтік желілеріндегі СИМ аккаунттары арқылы қабылданады.

### ОРТАЛЫҚ

***Оқу-ағарту министрлігі 1450 нөмірі бойынша білім беру мәселелері жөніндегі Бірыңғай байланыс орталығын іске қосты.***

Бұл Бірыңғай байланыс орталығына екінші желі арқылы Өңірлік білім басқармалары қосылған. Жергілікті атқарушы органдардың құзыретіне жататын мәселелер оны шешу үшін бірден білім басқармаларына жіберіледі. Қазірдің өзінде байланыс орталығына 1200-ден астам қоңырау келіп түскен.

САЙЛАУ–2022

# ОРТАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

## алдағы Президент сайлауына қатысты бірқатар мәселелерді түсіндірді

**Кеше Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының отырысы өтіп, онда 2022 жылғы 20 қарашаға тағайындалған Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауында мүгедек және ерекше күтімді қажет ететін жандарға жағдай жасау жайлы, ҚР Президенттігіне үміткерлерге қол қою парақтарын дайындау, қол қою парақтарын беру және оны қолдап қойылған қолдардың растығын тексеру мерзімдерін қысқарту, қол қою парақтарын тексеру барысында сайлаушылардың қолдарын жалған деп тану негіздері жөніндегі ұсынымдарды бекіту туралы мәселелер қаралды.**

### ДАУЫС БЕРУГЕ АРНАЛҒАН ҒИМАРАТ МҮГЕДЕК ЖАНДАРҒА ҚОЛЖЕТІМДІ БОЛУЫ ТИІС

Орталық сайлау комиссиясының мүшесі Анастасия Щегорцова мәлімдегендей, «жергілікті атқарушы органдар дауыс беруге арналған ғимаратқа кіреберісте тұтқа, пандус, сондай-ақ басқа да қажетті керек-жарақты (уақытша ғана рұқсат етіледі) қарастыруы тиіс. Дауыс беруге арналған ғимарат мүгедек жандар үшін барынша қолжетімді болуы қажет. Мүмкіндігінше дауыс беру кабиналары ғимараттың бірінші қабатында орналасқаны жөн. Ал жоғары қабатта болса, мүгедек азаматтардың көтерілуіне жағдай жасалуы тиіс».

ОСК мүшелері Президент сайлауы кезінде еліміздің барлық өңірінде мүгедек жандарға жағдай жасау туралы қаулы қабылдады. Соған сәйкес дауыс беру ғимаратында тірек-қимыл аппаратының функциялары бұзылған сайлаушыларға, оның ішінде кресло-арба пайдаланатын адамдарға жағдай жасау мақсатында жасырын дауыс беруге арналған кабинаның диагоналі кемінде 54 см болуы керек және мониторлы компьютері бар мүгедек адамдар үшін арнайы жабдықталған орын көзделуі қажет. Онда мүгедектігі бар адамдарға бейімделген форматта сайлау туралы ақпарат, құлаққаптар, қосымша жарықтандыру қарастырылады. ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің өкілі мәлім еткендей, бүгінде елімізде 600 мыңнан астам мүгедек жан бар.

### ҮМІТКЕРЛЕРГЕ ҚОЛ ЖИНАУҒА КӨБІРЕК УАҚЫТ БЕРІЛЕДІ

«Біз сайлау туралы Конституциялық заңның бізге беретін құқығын пайдалану жөнінде шешім қабылдадық. Онда Президенттің кезектен тыс сайлауы осы заңда кезекті Президент сайлауы үшін белгіленген қағидаларға сәйкес өткізіледі делінген. Сайлауды өткізу мерзімін орталық сайлау комиссиясы айқындайды», – деді Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіров.

ОСК төрағасы өңірлік сайлау комиссиялары аталған жаңашылдықпен жұмыс істейтінін мәлімдеді. «Сайлау заңнамасы негізінде президенттікке кандидаттарға қол қою парағын беру мерзімін екі есе қысқарттық. Яғни 5 күннен 2 күнге дейін. Сонымен қатар, үміткерлер жинаған қолдың дұрыстығын тексеру мерзімі 10-нан 5 күнтізбелік күнге дейін қысқартылды. Осылайша мерзімдерді қысқарту есебінен кандидаттарға қол жинауға көбірек уақыт берілді», – деді ол.

### ҮМІТКЕР ЕШҚАНДАЙ ПАРТИЯДА ЖОҚ БОЛСА, САЙЛАУҒА ҚАТЫСА АЛА МА?

Бұл сауалға Орталық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары Константин Петров жауап берді.

«Бұл сауалдың жауабы «Сайлау туралы» Конституциялық заңның 55-бабы 3-тармағында нақты айтылған. Президенттікке кандидаттарды республикалық қоғамдық бірлестіктер атынан олардың жоғары органдары ұсынады. Яғни республикалық қоғамдық бірлестік съезд немесе конференция түріндегі жоғары орган болуы мүмкін. Қоғамдық бірлестік өкілдері оның мүшесі болып табылмайтын адамды кандидат ретінде ұсынуға құқылы», – деп түсіндірді Константин Петров.

Спикер тұжырымдағандай, партия құрамында жоқ азамат Президент сайлауында кандидат бола алады. «Кандидаттың белгілі бір саяси партия атынан сайлауға түсуі үшін аталған партияның мүшесі болуы міндетті емес», – деді спикер.

### «БАРЛЫҒЫНА ҚАРСЫМЫН» БАҒАНЫ ТҮПКІ НӘТИЖЕГЕ ӘСЕР ЕТЕ МЕ?

Орталық сайлау комиссиясының мүшесі Шавкат Өтемісов сайлау бюллетенінде болатын барлық кандидатқа қарсы дауыс беру мүмкіндігін түсіндірді. «Барлық кандидаттарға қарсы дауыс беру арқылы азаматтар өз таңдауын білдіре алады. Дегенмен, қарсы дауысқа қарамастан 50 пайыздан астам дауыс жинаған кандидат жеңімпаз болады. Егер бірінші турда нәтиже нақты болмаса, онда қайта дауыс беріледі. Содан кейін көпшіліктің дауысын жинаған екі кандидат сайлауға жіберіледі. Одан әрі сол екеуі сынға түседі», – деді ол. Спикер мәлімдегендей, Орталық сайлау комиссиясы Қазақстанның қолданыстағы заңнамасы аясында жұмыс істейді. «Біз заң шығарушы орган емеспіз. Яғни біздің Парламент осындай заң қабылдаса, демек біз оған сүйенуіміз қажет. Ал барлық кандидатқа қарсы бағандардың дауысы неге ескерілмейтініне келетін болсақ, бұл – азаматтардың өз қалауын білдіру мүмкіндігі, дауыс берушінің кандидаттарға деген қарым-қатынасы», – деді Ш.Өтемісов.

ҚАЛА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ

# ЗАҢНАМАНЫ БҰЛЖЫТПАЙ САҚТАУҒА ШАҚЫРДЫ

## Бас прокуратура қазақстандықтарға үндеу жолдады

**Үндеуде Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы ел азаматтарын, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін, әлеуметтік желілердің пайдаланушыларын заңнаманы бұлжытпай сақтауға және жоғарыда келтірілген кез келген құқық бұзушылықтардың жасалуына жол бермеуге, арандатушылыққа бой бермеуге және тек ресми ақпарат көздеріне сенуге шақырады.**




Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының орынбасары Жандос Өмірәлиев Қазақстан азаматтарына үндеу жолдады. Ресми өкіл отандық ақпараттық кеңістікте және әртүрлі әлеуметтік медиада түрлі тақырыптар бойынша көрінеу жалған ақпарат тарату жағдайлары жиілеп кеткенін мәлімдеп, бұл ретте олар жекелеген блогерлердің арандатушылық мәлімдемелерімен және әлеуметтік желілер пайдаланушыларының ұлттық алауыздықты тудыратын белгілері бар комментарийлерімен бірге жүретінін атап өтті. Нақты азаматтардың ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін, сондай-ақ біркатар танымал адамдарды ұстау және қылмыстық жауаптылыққа тарту туралы жалған хабарламалар жарияланатынына тоқталды.

«Мұндай фейктік мәліметтер қоғамдық жалған пікірді қалыптастырып ғана қоймай, сонымен бірге қоғамдық тәртіпке де теріс әсер етуі әбден мүмкін.

Осындай шынайылыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратуды көбіне блогерлер қасақана, өздерінің және үшінші тұлғалардың мүдделері үшін жүзеге асырады. Олардың мақсаты – жеке пайда табу және бопсалау арқылы материалдық табыс көру.

Көрсетілген ұлттық алауыздықты қоздыруға, қорқытып алуға, көрінеу жалған ақпарат таратуға бағытталған іс-әрекеттер Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 174, 194 және 274-баптары бойынша қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғады.

Осыған байланысты, Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы ел азаматтарын, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін, әлеуметтік желілердің пайдаланушыларын заңнаманы бұлжытпай сақтауға және жоғарыда келтірілген кез келген құқық бұзушылықтардың жасалуына жол бермеуге, арандатушылыққа бой бермеуге және тек ресми ақпарат көздеріне ғана сенуге шақырады.

**«АҚШАМ-АҚПАРАТ».**

АЙТЫЛДЫ – ЖАСАЛДЫ

# ТҰРҒЫНДАР ӨТІНІШІ ОРЫНДАЛДЫ



**Алматыдағы Әуезов ауданы тұрғындарының өтінішіне орай апатты ағаштарды санитарлық кесу бойынша баспасөз туры өтті.**

Айжан БҮРКІТБАЕВА

Әуезов ауданының тұрғындары апатты ағаштарды кесу үшін жергілікті атқарушы органдарға жүгінді. Барлығы 247 өтініш берілді. Баспасөз туры барысында БАҚ өкілдеріне санитарлық кесуге арналған учаскелер көрсетілді. Бұл – аула ішіндегі аумақтар мен көшелер.

«Апатты ағаштар – аудандағы өткір мәселе. Әсіресе, қазір аулаларды күрделі жөндеуден өткізе бастаған кезде. Біз әкімдіктен апатты ағаштардың бұтақтарын кесуді сұрадық», – деді аудан тұрғыны Светлана Титова.

Ағаш кесу, жасыл желектерді отырғызу және күтіп ұстау жөніндегі жұмыстарды мердігерлік ұйымдар жүргізеді. Әуезов ауданы әкімдігінің экология бөлімі бақылауды жүзеге асырады. Ауданда барлығы 254 764 ағаш бар, оның 66 825-і санитарлық кесуге, ал 6287-і кесіп тастауға жатады.

«Қазіргі уақытта аулалардағы апатты ағаштардың қураған бұтақтарын санитарлық кесу жұмыстары жүргізілуде. Ағаш кесуді бастамас бұрын, әр аулада тұрғындармен кездесу өтеді, олардың пікірлері жұмыс кезінде ескеріледі. Үй иелерінің бәрін өздері жасауға қаражаттары мен мүмкіндіктері бола бермейді. Биылғы көктемде қар мен мұз еріген кезде 200-ге жуық ағаш құлағаны, соның салдарынан 17 көліктің зақымданғаны тіркелді. Апатты ағаштарды кесу жұмыстары халықтың өміріне, денсаулығына қауіп төндірудің әрі жеке мүлікке зиян келтірудің алдын алады», – деді Әуезов аудандық қоршаған ортаны қорғау және экология бөлімшесінің басшысы Әлизат Сейтбаев.

Сарапшылардың айтуынша, санитарлық кесу ағаштардың пішінін жақсарту, өсімдіктердің өсуін, дамуын және оның ұзақ гүлденуін реттеу үшін жасалады.

«Кесудің 3 түрі бар: санитарлық, жасарту және қалыптау. Санитарлық кесу жыл сайын және күнтізбелік жыл ішінде жүргізілуі керек. Ол ауру, кебу, сыну, ілулі, зақымдалған, сондай-ақ ағаштың басындағы қураған бұтақтарға бағытталған. Ал ағаштарды жасарту үшін кесу ағаш жыл сайынғы өсуді тоқтатқан кезде жасалады. Қалыптық кесу ағаштың жасанды пішінін жасау және сақтау үшін жүргізіледі», – деді А.Бөкейханов атындағы орман шаруашылығы және агроорманмелиорация ҚазҒЗИ Алматы филиалының директоры Руслан Ахметов.

ЖОЛДАУ–2022

**Беккали ТОРҒАЕВ, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, Amanat партиясы фракциясының мүшесі:**



# ҚАРЫШТЫ ДАМУҒА НЫҚ ҚАДАМ

Қазақстан өз дамуында кешенді реформалар арқылы саяси, экономикалық және әлеуметтік салаларын жан-жақты жетілдірудің ауқымды процесін жүзеге асыруда.

Еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев бірнеше жылдың барысында ауқымды өзгерістерді іске асырып келеді. Олардың барлығы қоғамда жинақталған түйткілді проблемаларды, азаматтардың көтеріп жүрген өзекті мәселелерін шешуге, халықтың мүддесін қорғауды нығайтуға, әділеттілік принциптерінің мызғымастығын қамтамасыз етуге және отандастарымыздың өмір сапасын жақсартуға бағытталған. Бұл процестер Мемлекет басшысы өзі бастама көтеріп ұсынған «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» принципінің жан-жақты орындалып келе жатқандығының айқын көрінісі деп білемін.

Халыққа арналған қыркүйек айындағы Жолдауда еліміздің модернизациясы өзінің жалғасын тапты. Президенттік мерзімді екі мерзімнен бір мерзімге қысқартып, жеті жылдық көлемде бекіту ұсынылды. Бұл мемлекетіміздегі саяси әралуандықтың нығаюы мен демократия принциптерінің кеңеюі деп есептеймін.

Осымен бірге Қазақстан тарихында алғаш рет сайлаудың алдын ала жариялану фактісінің куәгері болдық. Президент бір ай бұрын сайлау процестерінің басталуын жария етті. Аталмыш ұсыныстың елдегі саяси ұйымдардың жұмысын жоспарлы ұйымдастыруға негіз болатынын отандық сарапшылармен қатар, шетелдік саясаткерлер мен кәсіби мамандар да атап өтті.

Қазір әлемдегі геосаяси ахуал аса күрделі, біздің өңіріміздегі жағдай да алаңдаушылық тудырады. Осы мақсатта Қазақстан ішіндегі тұрақтылықты нығайту стратегиялық маңызға ие.

Еліміздегі саяси жүйе толығымен жаңыруы қажет. Осы мақсатта кезектен тыс Президент сайлауы 20 қарашаға белгіленіп, Мәжіліс пен барлық деңгейдегі мәслихаттар сайлаулары келесі жылдың бірінші жартыжылдығына жоспарлануда.

Қазақстан қоғамы ішкі процестерін біріктендіріп, алдағы дамудың нық алғышарттарын қалыптастыруда.

КОНФЕРЕНЦИЯ

# ЖОЛ САПАСЫ ЖАҚСАРАДЫ




Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

**Алматыда халықаралық жол конференциясы өтіп жатыр.**

Досбол АТАЖАН

Үш күнге жоспарланған ауқымды Орталық Азия Халықаралық Жол конференциясына (CARC-2022) ТМД елдерінен, Еуропа, Азия, АҚШ және Ресейден сарапшылар қатысуда. Аталған іс-шараға Еуропалық жол федерациясы өкілдері мен ТМД атқарушы комитетінің өкілетті өкілдері де келген. Халықаралық конференцияда мамандар ҚР жолдар желісі, реформалар мен қаржыландыру, сапалы жол салу, асфальт-бетон жамылғысының, битумды қоспалар мен полимербитум қоспасының сапасын арттыру, тас жол төсеуде озық технологияларды пайдалану мәселелерін талқылады.

Бұл конференцияның басты мақсаты – халықаралық жол-құрылыс секторының өкілдері арасында тығыз байланыс орнату. Қатысушылар алыс және жақын шет мемлекеттердің мамандарынан құнды кеңестер тыңдап, озық ойларымен бөлісті. Салалық министрлік өкілдерін, қауымдастықтарды, жол-құрылысы құрал-жабдықтарын, қоспаларын өндіретін компания басшыларын, ғылыми зерттеу институттары ғалымдарын бір жерге топтастырып, араларында тығыз байланыс орнату екі күндік ауқымды іс-шараның басты міндеті десек те болады.

Конференция барысында еліміздегі автомобиль жолдарының сапасын бақылайтын «Жол активтерінің ұлттық сапа орталығы» РМК Бас директоры Сағынов Замир Садықұлы мекеменің негізгі қызметі, республикалық және жергілікті маңызы бар автожолдардың құрылысы, күтіп ұстау, жөндеу кезінде қолданылатын материалдар мен жұмыстарды тексерудегі инновациялық технологиялар туралы баяндады.

Шетелдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, асфальтбетон жабындарының сапасы мен ұзақ мерзімділігін арттырудың негізгі тәсілдерінің бірі – полимерлік материалдармен (полимерасфальтобетон) битумды модификациялау болып табылады, ол битумның уақытқа төзімділігін арттыруға, автожолдардың пайдалану мен қызмет ету мерзімін арттыруға, жолтабан түзудің прогрессиясын азайтуға және төмен температуралар кезінде жолдың бұзылуына әсер ететін көрсеткіштерді жақсартуға мүмкіндік береді. Сапа орталығы полимер-модификацияланған битумдардың сапасына ерекше назар аударады.

Одан бөлек, кәсіпорын асфальтбетонның барлық беріктік сипаттамаларын жақсартуға, сапасын арттыруға және әртүрлі аймақтардағы нақты көлік-пайдалану және климаттық жағдайларды ескере отырып, жөндеу аралық қызмет мерзімін ұлғайтуға мүмкіндік беретін Superpave (Суперасфальт) технологиясын зерттеу және енгізу бойынша жұмысын бастады.

AIR ASTANA

# САПАЛЫ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ БАҒАЛАНДЫ

## «Air Astana» 10-рет өз аймағындағы үздік әуекомпания ретінде Skytrax сыйлығын жеңіп алды

**Қазақстан азаматтық авиациясының флагманы 10-рет беделді Skytrax сыйлығымен марапатталды. 2022 жылы «Air Astana» «Орталық Азия мен ТМД-дағы үздік әуекомпаниясы» номинациясын және өз тарихында алғаш рет «Орталық Азия мен ТМД-дағы үздік қызмет көрсету» номинациясын жеңіп алды. Марапаттау рәсімі Лондонда өтті.**




Гүлжанат СЕМБАЕВА

«Биыл Air Astana өзінің 20 жылдығын атап өтті. Осы жылдар ішінде әуе компаниясы қауіпсіздік пен қызмет көрсету сапасы бойынша өзін көшбасшы ретінде көрсете білді. Біз Skytrax-тің оныншы рет осы мәртебелі марапатына ие болғанымызға өте қуаныштымыз, бұл біздің жоғары стандарттарға бейілділігіміздің және жолаушыларымыздың алғысына ие болудың айғағы. Әуе компаниясының 6 мыңға жуық қызметкеріне кәсібилігі мен ортақ істе берілгендігі үшін алғыс айтқым келеді», – деді «Air Astana» президенті Питер Фостер.

«Air Astana 2022 жылы біздің жүлдемиздегі оныншы жеңісін атап өтуде. Әуе компаниясының басшылығы мен қызметкерлері осы табысын және Орталық Азия мен ТМД-дағы «Ең үздік әуекомпаниясы» және «Ең үздік қызмет көрсету» номинациясын жеңіп алғанын мақтан тұтуы керек. Соңғы 2 жыл авиация саласы үшін өте қиын болды, сондықтан бұл марапат Air Astana-ның тұтынушыларына қызмет көрсетудің жоғары сапасын қамтамасыз етіп келе жатқанын растайды», – деді Skytrax Awards сыйлығының бас директоры Эдвард Плэйстед.

Skytrax сыйлығының жеңімпаздары жолаушыларға сауалнама жүргізу әдісімен анықталды. 2021 жылдың қыркүйегі мен 2022 жылдың тамызы аралығында 300-ден астам әуекомпания бағаланды. Сауалнамаға 100 ұлттың 14 миллионнан астам өкілі қатысты. Респонденттердің жауаптары ағылшын, француз, испан, орыс, жапон және қытай тілдерінде берілді. Сауалнамаға қатысушылар әуе компаниясының сайтын, тіркеу және отырғызуды, ұшақ салонының тазалығын, борттағы ойын-сауық жүйесін, бортсеріктердің келбеті мен қызмет көрсетуін, тамақ сапасын, орындардың ыңғайлылығын және т.б. бағалады.

ТҰҢҒЫШ ҚҰРЫЛТАЙҒА – 30 ЖЫЛ!

# ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ ЖИЫНЫ

## Алматыда өткен дүние жүзі қазақтарының басын қосқан тұңғыш Құрылтайдың тарихи маңызы зор



Гүлнар ҚОЗҒАМБАЕВА,
тарих ғылымының кандидаты:

**ХХ ғасырдың 90–жылдар басында КСРО–да болған саяси және әлеуметтік өзгерістер тоталитарлық жүйенің ыдырауына әкеліп соқтырды. Жетпіс жылдан астам өмір сүрген Кеңес Одағы тарады. Шетелдегі қазақ диаспорасы өздерінің тарихи отаны – Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде даму тізгінін өз қолына алғанын естігенде, олардың қуанышында шек болмады.**
**Қазақ елі өз тәуелсіздігін алғаннан кейін ұлт үшін жасалған игі істердің бірі – бұл Құрылтай әлемге шашыраған қазақтың басын Атамекенде қосты. Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің 1992 жылы 27 тамыздағы №709 қаулысымен Дүние жүзі қазақтарының құрылтайына дайындық жүргізу мен оны өткізу туралы нақты жұмыстар қолға алынды.**



Дүние жүзі қазақтарының тұңғыш Құрылтайына жиналған делегаттардың бір тобы.

### «Құшағымыз бауырларға айқара ашық»

Әлем қазақтарының бірінші құрылтайын өткізу мақсатында жасақталған ұйымдастыру комитетінің Төрағасы болып сол кездегі премьер-министрдің орынбасары Мырзатай Жолдасбеков, Төрағаның орынбасары Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының бірінші хатшысы Қалдарбек Найманбаев болды. Ұйымдастыру комитеті әлемнің отыздан астам елінде тұратын отандастарымызға хат жолдап, ата-баба үрдісімен күллі дүниедегі қазақтардың басын біріктірген тұңғыш құрылтайға шақырды.

Атажұрт шетелден келген қандастарымызды құшақтарын аша, қуанышпен қарсы алды. Тұңғыш құрылтай шетелдегі сан миллион қазақтардың атажұртқа деген ынта-ықыласын барынша арттыра түсті. Құрылтайда әлемге тарыдай шашылған қандастарымыздың бас қосуы, қазақ елінің шынайы тәуелсіздікке қол жеткізуінің айқын көрінісі еді. Кеңестік кезеңде тарихи отанынан тыс жерде жүрген бауырларымыздың басын қосып, ұлттық мүдде, елдік бірлік төңірегінде табысу – үлкен арман болғаны баршамызға аян. Әлемдегі күллі қазақтың басын біріктіріп, өткізген осындай жиын біздің елімізде бұрын-соңды болмады. Қазақтар көз жазып қалған ағайындарымен қауышты, ағасы – інісін, інісі – ағасын тауып, көкейдегі армандарын айтты.

Құрылтайда алыс-жақын шетелдегі қазақ диаспорасына байланысты көптеген өзекті мәселелер қаралды. Шетелдегі ағайындарға мәдени-рухани жағынан қолдау көрсетудің бағыт-бағдары мен міндеттері айқындалды.

### «Қазақтар: кеше, бүгін және ертең»

Құрылтай күнделігінің бірінші қазан күнгі жоспарына сай бұл жиынға жиналған делегаттар түбі бір түркі халқының рухани астанасы Түркістан қаласында барды. Бүкіл түркі халықтар үшін қасиетті саналатын Түркістан жеріне келіп түскен адамдарды – сонау жер арқасы қияннан жеткен қонақтар мен астаналық азаматтарды жергілікті халық ән-күймен, өлең-жырмен қарсы алды. Дәл осындай ұлыстың ұлы күнінің құрметіне кесененің көптен бері жабық тұрған өрнекті үлкен қақпасы ашылды. Жұртшылық кезек-кезек ішке еніп, кіріпшығып жатыр. Кесене ішіне сыймаған қонақтар айнала қарай тамашалап, қолымен сипап тәу етті. Қуанышты жүздерінен орындалған арманы байқалғандай риза кейіпте. Сонымен қатар, Құрылтайға келген қандастарымыз Арқаны аралады. Қазақ ұлысының керегесін көтерген Алаша ханның, Алтын Орда уығын шанышқан Жошының зираттарына зиярат жасады.

Құрылтай делегаттары жиынның соңғы күні Алматы облысының Дегерес жайлауында өткен дүбірлі тойдан кейін тарады.

Атажұртта шақырылған алғашқы құрылтайға келген қандастарымыз өздерінің көкейінде жүрген қуаныштарымен бөлісіп, пікірлерін білдірді. Алғаш шақырылған құрылтайда қазақ ұлтының өзекті мәселелерімен айналысатын Дүние жүзі қазақтарының қауымдастығы құрылды.

Құрылтайға Түркиядан келген ғалым Әбдуақап Қара: *«Әлемнің алты құрлығына тарап кеткен қандас бауырларымыз Қазақ елінің астанасында бас қосады дегенді естігеннен бері тағатсыздана күтіп, осынау күнге сарғая жеткен едік. Тәуелсіз мемлекет атанған туған жерде алғаш өткелі отырған бұл тойымыз қалай болар екен деп, қатты толқыдық. Ал мұнда келгендегі көрген сый-құрметіміз, бауырлардың ыстық ықыласы мен ниеті, асқан қонақжайлығы тіпті, біздің қиялымыздан да асып кетті. Барлық шеттегі қазақтардың тілегі осындай жиын соңғы болып қалмай жалғасын тауып, елге келетін қандастарымыздың ұлы көшіне жол салса»,* – деген тілегін білдірді.

### Ұлт ұйысқан ұлы сәт

Тағдыр тәлкегімен әлемнің әр түкпірінде тұрып жатқан қандастарымыздың Отанына оралуына ұйтқы болып, бүгінде мемлекет тарапынан ерекше көңіл бөліп отырған мемлекеттердің бірі – Қазақстан. Қазақстан дүние жүзінде өз қандастарын елге шақырып, қаражат бөліп отырған үш мемлекеттің бірі. Бүгінде дүние жүзі қазақтарының Құрылтайы шетелдердегі қандастарымыздың кездесуі мен араласуының аса зор тетігіне айналды. Бұл құбылыс Тәуелсіздік тарихына ұлт ұйысқан ұлы сәт және елдіктің ең алғашқы тойы болып жазылды.

Азаттықтың елең-алаңындағы күрделі кезеңіне қарамастан республикамызда шақырылған тұңғыш Құрылтай шетелдердегі қандастарымыздың республика аумағына өз еркімен көшіп келуіне үлкен себепші болды. Тәуелсіздігіміздің 30 жылы ішінде 1,5 миллион қандастарымыз Қазақ еліне оралды. Шетелдегі этникалық қазақтардың атамекенге оралуы Қазақ елінде негізгі ұлт санының артуына ықпал етті. Олардың үлес салмағы өсті, яғни бүгінгі күні халықтың мәдени сабақтастығының қалпына келуіне, туған тілдің, дәстүрдің, салттың, халықтық өнердің молаюына, мемлекеттік тілдің, әсіресе, солтүстік-шығыс өңірлерде таралуына септігі мол болды. Қандастарымыз атамекенге оралу арқылы республиканың демографиялық жағдайын ғана жақсартып қоймай, сонымен қатар елдің әлеуметтік-экономикалық және ғылым мен мәдениеттің, әдебиет пен өнердің дамуына да өзіндік үлестерін қосып келеді.

Бүгінде әлемнің қырыққа жуық шет елдерінде тұратын қазақ диаспорасының өзекті мәселелері талқыланып, оларды шешуде көптеген іс-шаралар атқарылуда. Қандастарымызға сапалы білім беруде мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп, шетелдегі қазақтардың атамекенге мүмкіндігінше көбірек оралуына жағдай жасалуда.

1992 жылы шақырылған тұңғыш Құрылтайдан кейінгі отыз жылда әлем қазақтарының басын қосқан бес құрылтайы өтті. Атамекенде шақырылған әр құрылтайдың қазақ халқы үшін орны ерекше. Өйткені, Қазақ елі қазақсыз көркейе алмайды, келешекке қарыштап қадам жасай алмайды. Міне, сондықтан Қазақ елінде шақырылған құрылтайлардың жөні де, мәні де ерекше.

Бірінші Құрылтай ата-бабаларымыз ғасырлар бойы аңсаған азаттыққа қол жетіп, «Тәуелсіз мемлекет» атануы арқылы этникалық қазақ көшіне жол ашты. Қазақ елінің дүниежүзілік қауымдастықта өзіндік орны мен айтар сөзі бар, әлемдік саясатта өзгелер санасатын салмағы, бүкіл адамзаттың бірлігі мен бейбітшілігі үшін алға қойған асқақ арманы бар ел ретінде мойындалып, Мәңгілік Ел болудың берік іргетасын қалады. Тәуелсіз Қазақстан тарихының жаңа бетін ашқан тұңғыш Құрылтайдың тарихи маңызы ерекше. Ұлттың ұлы жиынына айналған бұл Құрылтай – қазақ халқының жаңа мыңжылдыққа біртұтас ұлт ретінде нық қадам басқанының белгісі.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

### ДҮНИЕ ЖҮЗІ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ БЕС ҚҰРЫЛТАЙЫ

**1992–2017 жылдары аралығында Дүние жүзі қазақтарының бес Құрылтайы ұйымдастырылды.**

**Алматы қаласында 1992 жылғы 28 қыркүйек пен 3 қазан аралығында өткен тұңғыш Ұлы жиынға Түркия, Германия, Швеция, Норвегия, Франция, Моңғолия, Ресей, Қырғызстан, Түрікменстан, Өзбекстан, тағы басқа алыс және таяу шет мемлекеттерден, яғни 33 елден, сонымен қатар 800-дей Қазақстан облыстарынан келген өкілдер қатысты.**

**Екінші Құрылтай 2002 жылы 23-24 қазанда өтті. Құрылтайға әлемнің 33 елінен барлығы 470 адам келді. Дүние жүзінің түкпір-түкпірінен жиналған қазақтар Түркістан қаласында бас қосты. Құрылтайда жалпы қазақ халқының алдағы уақыттағы әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани, оқу-білім саласындағы өсіп-өркендеуі жөніндегі маңызды мәселелер қозғалды.**

**Үшінші құрылтай 2005 жылы 28 қыркүйек пен 2 қазан аралығында еліміздің жаңа елордасы Астанада өтті. Құрылтайға әлемнің 32 елінен 312 қандасымыз келді. Бұл жиынның ерекшелігі – іскерлік бағытта өткізілді. Құрылтайда: мәдениет, оқу-білім, бұқаралық ақпарат құралдары және көші-қон мәселелерін қарастырған төрт секциялық мәжілістер өткізіліп, шетелдегі қазақтармен байланыс жасаудың өзекті мәселелері талқыланды. Шетелдегі қазақ диаспорасы мен елге оралған қандастарымыздың өзекті мәселелері жан-жақты айтылып, үш мәселеге: көші-қон, оқу-білім, мәдени-рухани және бұқаралық ақпарат құралдар мәселелеріне айрықша көңіл бөлінді.**

**2011 жылы 25–27 мамырда Астанада өткен төртінші Құрылтайға 35 шетелден 380 делегат, Қазақстанның әр аймағынан 300-ден астам адам қатысты. IV құрылтайдың делегаттарының 60%-ы жастар болды.**

**Алқалы жиында шетел қазақ диаспорасы мен қандастарымыздың ең мұқтаж мәселелері жан-жақты айтылып, осы жоспар-бағдарлама толығымен жүзеге асты.**

**2017 жылдың 22–25 маусым күндері Астанада өткен әлем қазақтарының бесінші Құрылтайына 39 шетелдерден 350 адам, барлығы 750 делегат пен мейман қатысты. Құрылтайда шетел қазақтарының Қазақстанмен байланыс жасаудың өзекті мәселелері негізінде әртүрлі тақырыптар бойынша «Дөңгелек үстелде» талқыланды. «Дөңгелек үстелде» шетелдегі ағайындармен мәдени-рухани байланыс, көші-қон, шетелдегі қазақ жастарының елімізде білім алуы, бизнес, кәсіпкерлік және тағы басқа мәселелер қаралды.**

ӘЛЕМ ЖӘНЕ ӘУЕЗОВ

# БОЛАШАҚҚА САЛҒАН ЖОЛ

## Әуезовтің Ташкенттегі іздері

**Мұхтар Омарханұлы Әуезов – ХХ ғасыр қазақ әдебиетінің даму тарихында ғана емес, Орта Азия әдебиеті мен мәдениетінің өсіп-өркендеп, кемелдене түсуіне де өзінің сүбелі үлесін қосқан белгілі сөз зергерлерінің бірі. Өйткені, ұлы тұлғаның Орта Азияның кейбір қаламгерлеріне тигізген жемісті ықпалдары мен игі әсерлері, әрі аса талантты ақын-жазушыларының көркем шығармаларынан алған рухани нәрі әдеби зерттеу еңбектерінде айрықша көз тартып, көңіл қуантады.**

Сондықтан да кезінде әлемнің Айтматовы атанған, Мұхтар Әуезовтің ерен ойлы шәкірті – Шыңғыс Төреқұлұлы Айтматов, дала данышпаны жайлы тоқтала келіп: *«Менің аңдауымша, бір кезде орыс мәдениетінің өсіп-өркендеуіне Пушкин әсері қандай болған болса, бүгінгі Орта Азиялық көркем ойдың, іргелес халықтарымыздың күллі рухани өмірінің қалыптасуына Әуезов әсері де дәл солай болды»,* – деп, шындық бетін шынайы аша түседі.

Шынында, Мұхаң жастайынан-ақ қазақ ауыз әдебиеті үлгілерінен, туған әдебиетінің таңдаулы туындыларынан рухани нәр алумен бірге, араб, парсы, иран әдебиеттерінен де үлгі-өнеге ала бастайды да, өзінің жан-дүниесін көркем шығармалармен барынша нәрлендіре түседі. Тіптен, жастық шағында Абай өлеңдерінен бүкіл рухани болмыс-бітімін байыта бастайды. Келе-келе Орта Азия әдебиеті мен орыс және Батыс Еуропа, сондай-ақ, Шығыс әдебиетінің озық үлгілерін де зерделей оқып, үйреніп, көркем әдебиеттің терең сырларын жан-жақты ұғына түседі. Нәтижеде көркем әдебиеттің терең сырларын көкейіне түйіп, ерте есейіп, ерте жетіледі.

Оның үстіне, 1922 жылы Ташкент табалдырығын аттап басқан күннен-ақ, Орта Азия халықтарының ауыз әдебиеті үлгілері мен Шығыс классиктерінің көркем шығармаларына, әрі ХХ ғасыр – кеңестік дәуірдегі Орта Азия әдебиетінің ірі тұлғаларының көркем туындыларына да айрықша көңіл бөле бастайды. Сөйтіп, Орта Азия ақын-жазушыларының аса нәрлі шығармаларын құмарта оқумен бірге, оларды зерделей зерттеп, мұқият үйренуі жылдар өткен сайын кең өріс ала түседі. Соның нәтижесінде білімнің бал бұлақтарынан жан-жақты сусындап, көркем әдебиеттен нәр алуын, ержетіп есейген сайын титтей де төмендетпей, қайта оны дамыта, үдетте түседі. Тіптен, Абай нәр алған бал бұлақтардың кәусарынан өзі де қана сусындап, көркем әдебиет әлеміне небәрі 20 жасында өзінің «Еңлік–Кебек» атты драмалық шығармасымен, ХХ ғасыр кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиетіне драматург ретінде кіріп келеді.

Әрі, сол жылы «Сары Арқа» газетінде өзінің ең алғашқы «Адамдық негізі – әйел» деген публицистикалық мақаласын жариялап, ғылыми зерттеу жұмысымен де 20 жасында айналысы бастайды. Нәтижеде Мұхаң, проза және драматургия жанрында өнімді қалам тебірентумен бірге, аударма жұмысымен де, ғылыми зерттеу ісімен да жан-жақты шұғылдана жүріп, ХХ ғасыр қазақ әдебиетінің ірі тұлғасына айналады.

Сөйтіп, Мұхаң ХХ ғасырдағы, кеңестік дәуірдегі қазақ әдебиетін тым биікке көтереді. Әсіресе, өзінің «Абай жолы» роман-эпопеясымен аса дарынды сұңғыла суреткер ретінде бүкіл әлемге танылу мүмкіндігіне ие болады. Әрі, ғылыми зерттеу еңбектерімен де бүкіл Орталық Азия ғұлама ғалымдарын таңқалдырып, тамсандыра түседі.

Мұхаң 1922-1923, 1928-1930 жылдары Ташкентте жүрген шағында, жеті бағытта жұмыс жүргізу мүмкіндігіне ие болады. Біріншіден, бүкіл түркі халықтарының ауыз әдебиеті үлгілерін, Шығыс классиктерінің шығармаларын оқып, үйрене түссе, екіншіден, араб, парсы, әзербайжан, шағатай, түрік, өзбек тілдерін үйренуге ерекше көңіл бөледі. Үшіншіден, ғылыми зерттеу ісімен айналыса бастаса, төртіншіден, жазушылықпен де шұғылданады. Бесіншіден, аударма ісіне де көңіл көзін қадай түссе, алтыншыдан, оқу-ағарту жұмысына айрықша көңіл бөліп, бір жөн оқу орындарында сабақ өтіп, ұстаздық ісімен де айланысады. Әрі жетіншіден, қоғамдық жұмыспен де шұғылданады. Бұл ретте Ташкентте алғаш рет ұйымдасқан, сауатсыздықты жою жайындағы «Талап» қоғамының төрағасы ретінде, сондай-ақ, «Шолпан», «Сана» журналдары мен «Кедей айнасы» альманағының, «Ақ жол», «Сәуле», «Бірлік туы», «Жаңа өріс», «Жас қайрат», «Еңбек», т.б. газеттердің сапалы шығуына да өзінің игі ықпалдарын тигізеді.

Соның нәтижесінде болашақ ғұлама ғалым 1922 жылы «Шолпан» журналында өзінің «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» атты мақаласы жарияланумен бірге, Абай жайлы ең алғашқы ойларын да, терең пікірлерін де, Ташкентте жүрген шағында он ойлап, тоғыз рет толғана бастайды. Сөйтіп, болашақ кемеңгер суреткер өзінің Абай жайлы алғашқы ізденулерін де Ташкент табалдырығын аттап басқан шағында қолға алған десек, бұл артық дәріптеген бола қоймасы анық.

**Қалдыбек СЕЙДАНОВ,**
**Өзбекстан Республикасы**
**Тұран Ғылым академиясының академигі, профессор.**

ТҰЛҒАТАНУ

**1956 жылы Қазақстанда ұлан–асыр той болды. Бүкіл Кеңестер Одағымен бірге тойлаған.**
**1954 жылы басталған тың және тыңайған жерлерді игеру мәреге жеткен еді.**
**Бұл Ұлы соғыстан кейінгі Ұлы Жеңіс деп бағаланды. Алайда, бұл қуанышқа әркім әрқалай қуанған. Бәзбіреулер «нан болса, ән де болатынын» айтты. Айтып қана қойған жоқ, кеуделеріне орден–медаль қадаған. Ал Никита Сергеевич Хрущев бастаған зымиян саясаткерлердің қуанышы олардікінен маңыздырақ болды. Бір бармағын ішіне бүккен олар отаршыл патшалы Ресейдің**
**300 жыл бойы орындай алмаған ісін жүзеге асырғанына қуанған. Бұл оқиғаға күйзеліп, жаны ауырғандар да болды. Солардың бірі – Мұхтар Әуезов еді.**



# МҰХАҢНЫҢ МҰҚАЛМАҒАН МЫҚТЫЛЫҒЫ

**Әнуарбек ӘУЕЛБЕК**

Қазақстанда дүркін-дүркін жүргізілген саяси қуғын-сүргін зиялыларымызды абайлап сөйлеуге мәжбүр етті. Ол кезде жеке басқа табынушылықтың шідері үзілгенмен, коммунистік идеологияның тоқпағы мықты болатын. Әуезовтің басына да қайта-қайта қара бұлт үйіріліп жүрген. Партия қатарынан шығарылды. Абақтыға жабылды. Тіпті, өзі мақсат еткен ұлттық идеологиямыздан бас тартуға мәжбүр болған еді.

Тың игеру біткен соң, Қазақстан басшылығында ауыс-түйіс болған. Елімізді басқарып келген Леонид Ильич Брежнев Мәскеуге кетті. Оның орнына бірінші хатшылыққа Иван Дмитриевич Яковлев тағайындалады. Мамандығы мұғалім еді. Түсі игі, жүзі жылы жан бір күні бір топ қазақ қаламгерлерін қабылдады.

*– Ол кезде қабылдауында болатын кісілердің тізімін жасайды. Мұхтар Әуезовті, Сәбит Мұқановты, Ғабит Мүсіреповті, Ғабиден Мұстафинді, сосын Орталық Комитетке барғыштап жүретін кезім еді, мені тізімге қосыпты, барлығы сегіз адамның тізімін жасап қабылдады. Қандай ойлары бар, не айтқысы келеді, соны білгісі келген болар. Өзі мына ұстаз болу, сабақ беру адамның мінезін соншама жібектей жұмсартып жібереді. Бірінші хатшы да бұрын мұғалім болған екен ғой, қаламгерлерді өте жылы қабылдады,* – деді Әуезовтің шәкірті, академик-жазушы, марқұм Зейнолла Қабдолов ағамыз.

Бұл кезде Кеңес Одағы коммунизмнің іргетасын қалап жатқан. Оның қарышты қадамы Қазақстанды да таптады. Әкелгенінен әкеткені көп. Тапқанынан батқаны мол. Екі ортада сорлаған қазақ халқы болды. Бұрын жерімізге қару асынып келген басқыншы қолына гүл ұстап, күліп келіп қоныстанып жатты. Шұрайлы жерден айырылған қазақ мал қамын ойлап, амалсыз, шөл аймақтарға ығысқан. Ол кезде халқымыздың үштен бір бөлігі шетелдерде тұратын.

Негізі, біз айтқалы отырған оқиға былай басталған еді. Әуезовтің шәкірті Зейнолла Қабдолов ол уақытта «Жұлдыз» журналының Бас редакторы болатын. «Әдебиет және искусство» деген атын енді алмастырып жүрген кез. Қызмет бабымен Орталық Комитетке жиі барып тұрған. Соның орайын пайдаланып қалғысы келген Қазақстан Жазушылар одағының бірінші хатшысы Ғабит Мүсірепов өзіне шақырып, өтініш айтады. «Анау, Яковлев деген жақсы кісі көрінеді, соған айт бізді қабылдасын. Біз тілегімізді айтайық, іште жүрген ойымызды айтайық» деген соң, Қабдолов Жанділдин екеуі барып өтініш жасаған. Яковлев сөзге келместен белгілі бір уақытта қабылдайтын болды.

Бірінші хатшының қабылдауында болу оңай нәрсе емес. Істің көзін білетін жас Қабдоловтың септігі тиген. Бірінші хатшыға қазақ қаламгерлерінің айтары көп еді. Уақыт ыңғайына қарай әрқайсысы өз көңіліндегісін айтқан. Бірінші хатшы әбден зәбір-жапа шеккен, партия қатарында жоқ Әуезовтің сөзін бар ықыласымен тыңдаған. Зиялы қауымның қайта-қайта қуғынға ұшырай беруі оны да қызықтырған болар. Әуезовтің басынан талай зобалаң өткен еді.

*– Бірде ашық, бірде жасырын, құпия, әйтеуір қуғын-сүргін саясаты ХХ ғасырда ылғи да жүріп отырды. Мұны ғылыми тілмен айтсақ, қуғын-сүргіннің перманенттік сипаты деп есептейміз. Үзіліссіз жүріп отырған. Алғашқы қуғын-сүргін 20-жылдары басталған. Алаш зиялыларын қуғындаудың соңы ату жазасына тіреліп отырды. 1932 жылғы Ермеков пен Әуезовтің хаты осындайдан, амалсыз жазылған нәрсе еді. Олар Алаш идеологиясынан бас тартуға мәжбүр болды. Бұл зиялылар үшін үлкен соққы еді. 40–50-жылдарға келсек, бұл кездегі қуғын-сүргіннің де өз ерекшелігі болды. Бұл кездегі саясат қазақ зиялыларын біржолата тұқырту, рухани еркіндігінен айыру, езіп-жаншуды көздеген қитұрқы саясат болды,* – дейді тарих ғылымының докторы, профессор Мәмбет Қойгелдиев.

Қанша соққы жесе де, ұлтын сүйген жан қарап жата алмады. Әуезовтің қаламынан туған көркем дүниелері мен ғылыми зерттеулері өз алдына, жүрген жерінде ел болашағын ойлап, келелі мәселелер көтерген. Дүние астаң-кестең болып жатқанда Қазақстан Компартиясының бірінші хатшысы Яковлевке де осы мақсатта барды.

– Мұхаң ойын керемет шебер айтып жеткізетін. «Менің бір жаныма бататыны – тың көтеруге екі жылда келген 3 миллион келуші 70 пайыз қазақты 7 пайызға түсіріп тастады. Бұл бір жағынан жақсы, бір жағынан халқымызға қиын болды ғой. Ал біздің халқымыздың үштен бір бөлігі шетте жүр. Әр жылдары қуғын-сүргін көріп кеткен осы қазақты туған Отанына қайтару тек қана (әрине, көпшік қойып айтып отыр) Хрущевтің қолынан келеді. Сол қазақты туған Отанына қайтарып, біздің бір елдігімізді ойласа қайтеді» деді ғой, шіркін Мұхаң.

Академик Зейнолла Қабдолов сол қабылдауда Әуезовтің сөзіне ерекше риза болғанын мақтанышпен еске алды.

Әуезов, сонымен бірге, бірінші хатшыға таяуда Тәжікстанға барғандығын айтқан. Бадахшанның басында тұрып жатқан қазақтардың хал-жайы мәз емес болатын. Балаларын мектепке бере алмай, мал соңында жүрген қандастарымыздың тұрмысы қатты күйзелтеді. Барлық ұлтқа теңдік әперетін Компартияның осыған көңіл бөлуін жөн санаған.

*– Олардың туған Отаны, атамекені осында, елімізге алып келіп мәдениетін көтеруге болады ғой. Анау Астраханьда, Сарытауда да біздің қазақ жүр, мал бағудан басқаны білмейді. Оларда қайдағы еркіндік, соларды әкеліп үлкен адамдар қатарына қосуға болады. Ал одан қала берді, әріге баруымыз керек, мына Қытайда 2 миллионға жақын қазақ тұрады, ана Моңғолия мен Түркияда да солай. Солардың бәрін елімізге әкеліп басын қосу осы Хрущевтің қолынан келетіндігін қайта-қайта ескертіп, жоғары жаққа жеткізе барсын деген ниетпен өз ойын айтып шықты,* – дейді академик-жазушы.

Шынында, Компартияның мақсаты тың игеру ғана болса, оны шетте тұратын қазақтарды әкеліп те атқаруға болар еді. Әуезов бірінші хатшыға осыны ашық айтқан. Хрущевті мақтай отырып, өзінің осы сәлемдемесін жеткізуін сұраған. Басқалар үй-жай, көлік, қаламақы сұрайтын кез еді, Мұхаң арадан суырылып шығып, қашанғыдай өзінің мықтылығын көрседі.

БРИФИНГ



## КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНЫ ТҮРКИЯДА ӨТЕДІ

**IV Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына қатысатын ел спортшыларының дайындығы үшін барлық жағдай жасалуда. Бұл туралы Орталық коммуникациялар қызметіндегі брифинг барысында Спорт және дене шынықтыру комитетінің төрағасы Самат Ерғалиев мәлімдеді.**

«Дүниежүзілік көшпенділер ойындары үш рет қатарынан Қырғыз жерінде өткен болатын. Биылғы ойындардың эстафетасын Түркия Республикасы қабылдап отыр. Төртінші мәрте ұйымдастырылып отырған Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына Қазақстанның спорттық делегациясы қатысады. Спорттық шара бағдарламасына 13 ойын түрі енген. Қазақстан құрамасы 5 спорт түрінен жарысқа қатысады. Атап айтқанда, көкпар, жамбы ату, қазақ күресі, көкбөрі, дәстүрлі садақ атудан спортшыларымыз бақ сынайды. Теңге ілу мен аударыспақтан спортшылар көрсетілім жасайды. Мемлекет тарапынан спортшылардың ойындарға дайындығы мен қатысуын қатамасыз ету үшін барлық жағдай жасалды. Атап айтқанда, биылдың өзінде көкпар спортынан құрама команда 4 оқу-жаттығу жиынын өткізді. Қазақ күресінен 3 оқу-жаттығу жиыны шетелде, яғни Грузияның Гори қаласында өтті. Спортшылар қажетті спорттық киім-кешекпен қамтамасыз етілді», – дейді Самат Ерғалиев.

Айта кетсек, 29 қыркүйек пен 4 қазан аралығында Түркияның Изник қаласында IV Дүниежүзілік көшпенділер ойындары өтеді. Онда қазақ күресінен тұңғыш рет Қазақстан әйелдер құрамасы сайысқа түседі.

БАЙҚАУ

## «АЛТЫН САҚА»



**Балалар жылы аясында Алматы қаласында ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің «Қазақстандық қоғамдық даму институты» КЕАҚ және «Қазақстан Жазушылар одағы» РҚБ қолдауымен «Алтын сақа» балалар әдебиеті шығармалары республикалық байқауының жеңімпаздары марапатталды.**

Байқаудың мақсаты – балалар әдебиетін дамыту, қазақстандық жас қаламгерлерге қолдау көрсету.

Іс-шараға ҚР Ақпарат және қоғамдық даму вице-министрі Данияр Қадыров, «Қазақстандық қоғамдық даму институты» КЕАҚ басқарма төрағасы Қазбек Майгельдинов, ҚР еңбек сіңірген қайраткерлері, «Парасат» және «Құрмет» орденінің иегерлері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаттары, зиялы қауым өкілдері мен елімізге белгілі қаламгерлер қатысты.

«Қазақ халқы «Тәрбие тал бесіктен» деп баланың болашағына үлкен жауапкершілікпен қараған. Сондықтан бала тәрбиесінің заманауи құралдары арқылы дәстүрімізді, ұлттық тарих, әдебиет, мәдениетімізді насихаттап, жаңғыртуымыз керек», – деді вице-министр Д.Қадыров.

Балалар жылы 2022



**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылды «Балалар жылы» деп жариялады. Осыған орай, биыл балаларды қорғауға, сапалы біліммен қамтуға, мүмкіндігі шектеулі балалардың денсаулығын нығайтуға, инфрақұрылымды дамытуға ерекше көңіл бөлініп отыр. Сондай-ақ, мемлекет тарапынан ұлттық ойындарға деген қызығушылық та арта бастады. Заманына қарай салты, ағымына қарай ойы өзгерген кезеңде ұмыт болып бара жатқан ойынның бірі – қазаншұлдік. Кейде оны шұлдік деп те атайды. Осы ретте ойынның бала денсаулығына пайдалы тұстары мен ойнау тәсілдерін назарларыңызға ұсынсақ.**

# ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР ҰМЫТЫЛЫП БАРАДЫ

## Қазаншұлдік ойнап көрдіңіз бе?

Ойынды қыс кезінде мұздың үстінде, ал жазда тақыр алаңда ойнаған. Ережесі қарапайым, арнайы заттарды да қажет етпейді. Екі басы ушкірленген ұзындығы бір қарыс ағаш керек. Ойынды 6 жастан асқан ересек екі бала ойнайды. Тегіс жерден көлемі бас киіммен бірдей шұңқыр қазылады. Оны кей жерлерде қазан деп те атайды. Ойынды ұстасу арқылы бастайды. Таяқты қолдарымен кезек-кезек ұстап, таяқтың сыртында кімнің қолы қалса, сол ойынды екінші бастайды. Бірінші ойыншы қолына 9 см шұлдікті (таяқ) алып, қазаннан 5-6 м жерге барып тұрады. Екінші ойыншы қолына 1 м таяқты алып, қазанның қасына барып тұрады. Бірінші ойыншы қазанды дәлдеп, шұлдікті қазанға лақтырады. Егер шұлдік қазанға келіп түссе, онда ойыншылар орын ауыстырады.

Егер шұлдік қазанға түспесе, екінші ойыншы осы сәтті пайдаланып, шұлдіктің ұшын таяғымен ұрып, қазаннан алысырақ лақтырып тастауға тырысады. Шұлдікті бірінші болып жерден көтеріп, жерге түсірмей соққан кезде ойыншы тигізе алмаса, ол да ойыннан шығып қалады. Ал лақтырған ойыншы не таяққа тигізе алмай, не болмаса дөңгелек сызықтың ішіне түсіре алмаса, онда бірінші ойыншы енді шұлдікті шекіп соғады, әр соққанда үш реттен соғады. Сөйтіп, шұлдік қай жерге барып түссе, сол жерден дөңгелек сызыққа дейінгі қашықтықты таяғымен өлшеп шығады да, екінші ойыншыға ұпай мөлшерін белгілейді. Бірінші ойыншы әлгі себептермен ойыннан шығып қалса, онда екінші ойыншы соғушы болады, ол шығып қалса, үшінші ойыншы соғушы болады. Ойын осылайша барлық ойыншы ойнап болғанша, жалғаса береді.

Қарап отырсаңыз, шұлдік қауіпті ойындардың қатарына жатпайды. Тек ептілік пен жылдамдықты, сергек ойлауды қажет етеді. Қазіргі тілмен айтқанда, «Қазаншұлдікті» гольфтің бір түрі болған деп атауға болады.

**Тамыры тереңнен тартылған ұлттық спорт түрлері халық құндылықтарының ажырамас бөлігі. Сондықтан оның өрісін кеңейтіп, өресі биік ұрпақ тәрбиелеуде сенімді құралға айналдыра білу керек.**

Осы ретте бұл ойынға өте ұқсас, алайда ойнау кезінде өзгешелігі бар қазақтың ұлттық ойынының бірі «Қазандоп» жайлы білесіз бе? Бұл ойынның да шарты өте жеңіл. Ойынға қатысушылардың әрқайсысының басы қайқы қақпа таяғы мен ағаштан жасалған домалақ шары болуы керек. Ойынға қатысушылар үлкен шеңбер сызып, дәл ортасынан бір «қазан» қазады. Ойнаушылардың саны көп болса, шеңбер соғұрлым үлкен болады. Шеңбердің бойымен қатарласа тұрған ойыншылар арасы бір-бір адымдай жерден, яғни әрқайсысы өзінің алдынан «қазан» қазып алып, домалақ ағашын соған салып қояды. Бір ойыншы шеңбердің ортасындағы бос «қазанды» күзетіп тұрады. Шеңбер бойында тұрған ойыншылардың мақсаты – әрқайсысы өзінің шарын ортадағы бос «қазанға» түсіру, ал бос «қазанды» күзетіп тұрған ойыншының мақсаты – олардың шарын қалайда бас «қазанға» түсірмеу. Егер кімде-кім ортадағы «қазанға» шарын түсірсе, сол адам күзетшіні алмастырады. Өйткені, ортадағы «қазанды» қорғау жауапты әрі беделді қызмет болып есептеледі. Ойын осылайша жалғаса береді.

Қазақта 150-ге тарта ұлттық ойындар бар. Е.Сағындықов, Ә.Диваев секілді ғалымдар ойындарды жіті зерттеген. Олар ойынсауық, тұрмыс-салт ойындары, жануарлар дүниесі, аңшылыққа байланысты ойындар, дене шынықтыру спорт ойындары деп бөліп қарастырған. Кеңес дәуірі жылдарында қазақтың ұлттық дәстүрлі халық ойындары күн тәртібіндегі өзекті мәселе болмағанына қарамастан, Қазақстан ғалымдарының бір тобы тақырып төңірегінде үлкен жұмыстар атқарды, ғылыми еңбектер жазды, сол кезеңде дәстүрлі ұлттық ойындарды зерттеген.



STRANGER

(Басы 1-бетте)

**Ару қала Алматының Орталық стадионында Димаш Құдайбергеннің Stranger атты жеке концерті өтті. Оны тамашалау үшін әлемнің 70-ке тарта елінен Димаштың жанкүйерлері Қазақстанға арнайы келді. Өнерсүйер қауым осы кешті көптен күтті. Оны тез арада билеттің сатылып кеткенінен-ақ байқауға болады. Айта кетейік, Димаштың концертіне билет шілденің 14-інен бастап сатылымға шықты. Алғашқы аптаның өзінде оның 80 проценті өтіп кеткен. Орталық стадиондағы орын саны 30 мың адамға лайықталған. Оған қоса, сұранысқа орай, фан-аймаққа тағы билет сатылыпты. Сөйтіп, концертке келгендердің саны 35 мыңға жуықтады. Ал концертті тамашалауға жанкүйерлер Алматыға бірнеше күн бұрын арнайы келді. Қаладағы қонақүйлер Димаштың жанкүйерлеріне лық толды.**



# ДИМАШ ӘЛЕМІ

«Алматыда жүргенімізге екі күн болды. Арнайы Димаштың концертіне келдік. Өте бақыттымыз, оның бірде-бір концертін жібермейміз. Дубайда, Прагада, Нью-Йоркта болдық. Димашты қатты жақсы көреміз, ол өте керемет. Дауысы мен мінезін жақсы көреміз. Сіздер өте бақытты жансыздар. Себебі, Димаштай талантты ұлдарыңыз бар. Бізге Алматы қатты ұнады. Халқы өте қонақжай екен. Табиғаттарыңыз тіптен тамаша», – деп атап өтті Испаниядан келген жанкүйер Кристина.

Шараны ұйымдастыруға 200-ден астам маман мен 400-ге жуық волонтер жұмылдырылды. Димаш бұл концертте 31 композиция орындады.

«Көңіл күйім керемет. Мен соңғы 4-5 жылда Димаштың концертіне әлемнің қай түкпірінде өтсе де барып жүрмін. Концертке ертерек келдім. Мен ғана емес, осы жерге келген барлық халықтың көңіл күйі жоғары. Димаштың жанды дауыстағы әнін тыңдау үлкен бақыт. Ол адамдарға тек қуаныш сыйлайды», – дейді ресейлік жанкүйер Сергей Степанов.

«Stranger» шоуы аясында Димаштың жаңа әндерінің тұсауы кесілді. Оның қатарында Димаштың «Бір аспанның хикаясы» атты испан тілінде жазылған шығармасы да бар. Жаңа әнді ол латынамерикандық жанкүйерлерінің өтінішімен жазған. Осы концертте Димаш алғаш рет інісі Әбілмансұрдың сөзіне жазылған туындыны шырқады. Бұл кеште Әбілмансұрдың өзі де өнер көрсетті. Концертке үлкен халықаралық бишілер ұжымы, сондай-ақ Құрманғазы атындағы халық аспаптар оркестрі мен «Салтанат» мемлекеттік би ансамблі қатысты. Концерт төрт сағатқа дейін жалғасты. Димаш қазақ, орыс, қытай, француз және ағылшын тілдерінде ән шырқады. Отандық әнші домбыра, барабан мен басқа да музыкалық аспаптарда ойнады.

Димаш келесі күні Stranger ауқымды жеке концертінен кейін Almaty Arena кешенінде жанкүйерлерімен кездесті.

Мұндағы көңіл күй керемет болды. Тыңдармандарға Димаш




пен оның достары осы кездесу үшін арнайы дайындаған қызықты бағдарлама ұсынды. Ән де айтылды, ерекше сыйлықтар ұтысы да болды.

Кеш жүргізушілері – танымал шоумендер Марат Оралғазин мен Еркебұлан Мырзабек кездесуді сұхбат түрінде өткізді. Әнші Алматыдағы алғашқы концертінен және Рим Папасымен кездесуден алған әсерімен бөлісті. Әр жылдары сахнада ұшыраған қызықты оқиғаларын айтып, сырын да жасырмады.

«Кешегі концертімнің әр секунды есімде. Бұл өте керемет кеш болды. Жанкүйерлерімнің қолдауын қатты сезіндім», – деді Димаш.

Осы кездесуге Болгариядан арнайы келген Анджела есімді алты жасар балақайдың сахнадағы қылығы көпшілікті сүйсінтті. Кішкентай тыңдарман сүйікті әншісін қатты құшақтап, ұзақ уақыт жібермеді.

Жиналғандардың дені Димаштан ән айтып беруді, кейбірі тіпті Әнұранды орындауын сұрады. Ақсақалдардың бірі әншінің шығармашылығына ризашылығын білдіріп, оның неге күзетсіз жүретінін сұрады. Димаш өзін қауіпсіз сезінетінін, сондықтан күзеттің қажеттілігі жоқ деп санайтынын жеткізді. Алайда, өзге елдерге барғанда секьюрити қызметін пайдаланатынын айтты.

Фанаттардың бірі жеке өмірі туралы сұраған еді, бірақ әнші бұл сауалды жауапсыз қалдырды. Жүргізушілер сахнаға әншінің ата-анасын шақырды. Олар Димаш туған күнді еске алып, оның балалық шағы мен қызығушылықтары туралы әңгімеледі. Әкесінің айтуынша, «Димаш шығармашылық жолын таңдамағанда, кәсіби футболшы болуы мүмкін еді».

Әншінің жанкүйерлері онымен суретке түсіп, қолтаңба алды. Сондай-ақ, сыйлық берген қыздар да болды.

Кездесу соңында Димаш ата-анасына, туғандарына қолдаулары үшін, фанаттарына жаңа жетістіктерге шабыттандыратындары үшін алғыс білдірді. Достары, әріптестері мен командасына рахмет айтты. Қазақстандықтарды туған тілі мен жерін сүюге, құрметтеуге шақырды.

Естеріңізге сала кетейік, Димаштың концерті мен кездесу кешіне орай қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге екі жарым мыңнан аса тәртіп сақшылары жұмылдырылды.

**Әзірлеген Ақтолқын ТҰРЛЫҒАЗЫ.**

ҰЛЫЛЫҚТЫҢ ТОЙЫ




ЗАМАНСӨЗ

## ҰЛТТЫ ОЯТТЫ, ЕСЕЙТТІ

Тоқсан пайызында сауаты жоқ туған халқын жазуы бар, теориялық тұрғыда кемелденген жазу тілі бар, баспасөзі мен оқу құралдары бар, оқу-оқыту жүйесі бар, автономиялы біртұтас жер-аумағы бар сауатты, талапты ұлтқа айналдыру бір адамның қолынан келді десе, соның бәріне 20 жылдың ауқымында үлгерді десе кім сенеді екен...

Ұлтын сүйген ұл бар жұмысты жалғыз отырып та істеді, түрмеде қамалып та істеді, қашып жүріп те, қуып жүріп те істеді. Арбасып жүріп те істеді, арпалысып жүріп те істеді.

Бір күн, бір сәт те үміт үзбеді.

Мұратына күмән келтірмеді. Бір тынбады.

Сөйте келе бүкіл халықтың көзі ашық азаматтарын тұтас жұмылдыра алды және бүкіл ұлтты оята алды, ұйыта алды, есейтті!

Ол – Ахмет Байтұрсынұлы.

Ахаңа тағзым ету – борышымыз. Ахаңның туған күнін ұлықтау – парызымыз! Ұлт ұстазы туған соң тіліміз түрленді. Тіліміз түрленген соң ұлтымыз іріленді...

**Алмас АХМЕТБЕКҰЛЫ,**
**ақын.**

АХМЕТТАНУ

## ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМЫ ТАРИХЫНДА ЖАҢА ҮЛГІ ҰСЫНҒАН РЕФОРМАТОР

Ахмет Байтұрсынұлы әдебиет тарихының мұрасын, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаған зерттеуші ғалым. Көркемдігі айрықша «Ер Сайын» жыры (1923) мен қазақ тарихының төрт жүз жылын қамтитын «23 жоқтау» жинағын (1926) кітап етіп шығарды. Халық мұрасына үлкен жанашырлықпен қараған Ахмет Байтұрсынұлы «әдебиет тіліне негіз етіп ел аузындағы тіл алынбаса, оның адасып кететіндігін» айтты. Байтұрсынұлы – қазақ кәсіби журналистикасын қалыптастырған ірі қайраткер. Ол қазақ халқына, зиялы қауымға газеттің қоғамдық қызметін ұғындырып, баспасөздің өркениетті, тәуелсіз елге аса қажет нәрсе екенін жанкешті іс-әрекетімен көрсетті. Байтұрсынұлы ұйымдастырып, бас редактор болған «Қазақ» газеті қоғамдық ойға ірі қозғалыс, рухани санаға сілкініс әкелді.

«Қазақ» газеті халықтың рухын сергіткен ірі құбылысқа айналды. Байтұрсынұлы – әлеуметтік мәселелерге, қоғамдық ой-пікірге ықпал жасаған публицист. Оның мақалалары ғылыми байыптауымен, өткір ойларымен сол кезеңнің шындығынан хабар береді. Абайдың қоғам өмірінің демократиялық құрылысы туралы ойларын дамытып, саяси-әлеуметтік жағдай, оқу-ағарту, халықтың тұрмыс-тіршілігі туралы мәселелерді қозғады. Қазақ зиялыларының жан-жақты білімдар әрі саяси күресте шыңдалған легін қалыптастыруда Байтұрсынұлының публицист, баспасөз ұйымдастырушы ретіндегі еңбегі ұшан-теңіз. Ол – қазақ ғылымы тарихында ұлттық әліпби жасап, жаңа үлгі ұсынған реформатор.

*(Дереккөз: Уикипедия – ашық энциклопедиясы).*

ҰЛТ ҰСТАЗЫНЫҢ ОЙ–ОРАМДАРЫНАН

## «ОҚУ ҚҰРАЛЫНЫҢ ЕҢ ҰЛЫҒЫ – БАЛА ОҚЫТАТҰҒЫН КІТАП»

***Әр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде де сондай басқалық болады. Біздің жасынан не орысша, не ноғайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қисынын нағыз қазақша келтіріп жаза алмайды не жазса да қиындықпен жазады, себебі, жасынан қазақша жазып дағдыланбағандық.***

***

***Жақсы әліпби тілге шақ болу керек. Өлшенбей тігілген о жер бұ жер бойға жуыспай, қолбырап, солбырап тұрған кең киім сияқты артық әріптері көп әліпби де қолайсыз.***

***

***Біреудің істегенін дұрыс, бұрысын тексерместен істеу тек еліктеу болады. Тек еліктеуді маймылша еліктеу деп атайды.***

***

***Оқу құралының ең ұлығы – бала оқытатұғын кітап.***

***

***Білімнің бас құралы – кітап.***

***

***Әдіссіз тек мәніс білімі – өлі білім. Тіршілік – тірлік шарасы. Тірлік шарасына үйрететін білім тірі білім болу керек. Ондай білімді адам мәніс білімі мен әдіс білімін қатар үйренгенде білмек.***

***

***Ұлы істердің әдісі де ұлы болады. Ұлы әдісті үйрету де, үйрену де қиын болады. Ұсақ істің істеу мәнісін білгенмен, істеу әдісін білмей, дұрыстап істеуге болмаса, ұлы істі дұрыстап істеуге болар ма?***

***

***Үйрету деген – өнер. Өнердің шені-шегіне ешкім жете алмайды. Өнер артыла береді, жетіле береді. Оны осы күнгі өнерлі жұрттардың істері көрсетіп отыр.***

***

***Бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу керек.***

*(Деректер ашық интернет көздерінен алынды).*

ӘУЕЗОВ–125

# ҰЛЫЛЫҚ ЖОЛЫ

## Қазақ әдебиетінің алыбы Мұхтар Әуезовтің азаматтық көзқарасын қалыптастырған үлкен саяси мектеп – Алаш идеясы

**Мұхтар Омарханұлы Әуезов ұлт әдебиетінің алтын ғасырының бастауында тұр. Ол қазақ өркениетінің жаңа болмысын ашқан жазушы, ғалым, ұстаз, драматург, сыншы. Бір сөзбен түйіндеп айтсақ, энциклопедиялық ұшан-теңіз білім дариясының кемеңгері әрі ұлы қайраткері.**



### «ӨТПЕЛІ КЕЗЕҢДЕ ӨМІР СҮРМЕ»

Ұлы суреткер феодалдық қоғам ыдырап, қазақ қоғамы капитализмді айналып өтіп, социалистік қоғамның орныға бастаған тұсында әдеби өмірге келді. Сондықтан да білімділердің бел ортасынан өз орнын ерте ойып алды, ерте жарқ етіп көрінді. Бірақ замана сұранысына дендеп кіріп, кеңестік әдебиеттің күрескері де, жаршысы да болып кете алмады. Қытай ойшылы Конфуцийдің «Өтпелі кезеңде өмір сүрме» деген даналығы дөп келді.

Мұхтар Әуезов қандай адам еді? Халық махаббатына қалай жетті, оның озық ойлы дүниетанымын тану жолдары қандай?

Ол революцияның қызыл қыраны да, дауылпазы да бола алмады.

Ол өзінің жан-дүниесін баурап алған ұлы мақсаттарды бірте-бірте жүзеге асырды. Бұл жазушылық һәм ғалымдық жол еді.

Осы жол Мұхтар Омарханұлын азапты жолға апарды, осы жол Мұхтар Омарханұлын әлем мойындаған қаламгерлердің сапына қосты, осы жол Мұхтар Омарханұлын академиктік дәрежеге, Лениндік сыйлыққа алып келді.

Бұл жол Мұхтар Омарханұлын шын мәніндегі халықтық жазушы деңгейіне көтерді. Ал халық жадына енген адамды уақыт та, заман да, қоғам да тарихтан сызып тастай алмайды. Бірақ осындай халық махаббатына жету үшін Мұхаң «тар жол, тайғақ кешулерден», жабыла қапқан аш бөрі сыншылардан, екіжүзді саясаттың, ауыр идеологияның қанды қақпанынан өтті.

Жылдар жылжып өткен сайын, жаңа Қазақстанның жас ұрпақтары ұлы классик жазушы туралы көбіне интернеттік ақпаратпен ғана таныс болады да, оның өмір жолының сан соқпақ жолдарынан бейхабар қалады. Сондықтан күллі әлемді аузына қаратқан Мұхтар Әуезовтің өмір жолын, адами болмысы мен тау-тұлғасын, сөз құдіретіне айналған шығармаларын ұлықтап, заңғар жазушы жайлы дүние жүзі қаламгерлері қадап айтқан пікірлерді тағы бір рет жас ұрпақтың жадына жаңғыртсақ артық болмас.

### «АЛАШОРДА» МҮДДЕСІ – ӨМІРЛІК МАҚСАТЫМ ДЕП ТҮСІНДІ

Абайды тану арқылы Мұхтар Әуезов қазақты, оның тарихын, ұлттық құндылықтарын, салт-дәстүрлерін, аңыз-әңгімелерін, фольклорын таныды. Бұл өз кезегінде Мұхтар Омарханұлының өмірлік қағидаттарын қалыптастырды. Ол мынандай қағидаттар еді: өз ұлтыңның ұлы мұраларын тану арқылы өз халқыңа қызмет етесің. Ұлт мұрасына адал болу арқылы халқының санасын оятасың. Халық ұлағатын насихаттау арқылы жас ұрпақты тәрбиелейсің. Өзің өссең – халқың да өседі.

Осылай Абайды тану арқылы Мұхтар Әуезов қазақ әдебиетінің классигі дәрежесіне көтерілді. Абай Мұхтарды әдебиеттің шыңына көтерді, Мұхтар Абайды әлемге танытты. Бұл – ақиқат.

Мұхаңның көзқарасын қалыптастырған тағы бір үлкен саяси мектеп бар. Ол – Алаш идеясы. «Бұл бала Мұхтардың көзі ашық, көкірегі ояу кезіне тап келді. 20 жасар Мұхтар Әуезов «Алашорда» үкіметінің мақсат-мүддесін өмірлік мақсатым деп түсінді әрі оның жұмысына белсене араласты» (И.Тасмағамбетов, Т.Жұртбай. Кіріспе сөз. М.Әуезов. І том. А. Ғылым. 1997,16 б.).

**Мұхтар Әуезовтің қолжазба қорындағы «Өз жайымнан мағлұмат» атты жазбасынан:**

*«Арасында ауырып, оқуды бірлі-жарымды тоқтатып, доғарып қойып жүріп, семинарияны 1919 жылы шала-шарпы бітірдім. Бұл кездерде ақпан төңкерісі болған. 1919 жылдың аяғында кеңес өзгерісі болды, әлеумет қызметіне араласып кеттік. Содан кейінгі баспа сөзіне толығырақ аралас-қаным 1918 жылы «Абай» журналының шығуымен байланысты. Ондағы сөздер сырлы әдебиет емес, жалпы мақалалар, балалықтың, жастықтың, әр сайға басын соққан сандалысы, далбасалығы сияқты».*

(Қолжазба қоры, 382-папка).

Тағдыры Мұхтарды «Абай» журналына алып келді. Абай жас Мұхтардың алдынан қайта шықты. Атына заты келе бермеген журнал қызметі оны қызықтыра қоймады. Көзқарастағы ішкі қайшылықтар жас Мұхтарды жегідей жейді. Оны қаламгердің «Оқудағы құрбыларыма» атты мақаласынан айқын аңғаруға болады: *«Ендігі халық болумызға ұйытқы болатын нәрсе – құрыш құрсаулы әділ, қатал билік. Ендігі хакімнің негізге құрылған законы болмаса, жуан атаның еркі ел ішінде жүрмеуі керек. Әлі де жуан ата билеп-төстеп, қадірлі болатын болса, автономия деген, бөлектік дегеннің бәрі де сырты бүтін, іші түтін болады. Бірақ мұндай күйді бұрынғы уақыт көтерсе де қазіргі уақыт көтермейді… Біз әлі шикі жұртпыз, талай өзгеріске мойынұсынамыз. Заман еріксіз мойын ұсындырады… Бұл халді әркім ескеру керек»* (М.Әуезов шығ. 20т. 1984. 15 т. 10 б.).

Мұхтар Әуезов Ресей құрамындағы «Алашорда» үкіметінің жолы дұрыс болғанымен, дербес ұлттық мемлекет құруға жол берілмейтінін түйсінеді. Ойын ашық, бүкпесіз жариялайды. 1919 жылдың 1 желтоқсанында Семей губерниялық революциялық комитеті жанынан қазақ бөлімі ашылып, Мұхтар Әуезов соның бір бөлімін басқарды. Жоғалғаны табылып, өшкені жанғандай еді. Енді халық үшін қызмет ететін шақ туды деген ойға келді. Және бұл көзі ашық, сауатты жастардың бәріне ортақ міндет деп есептейді. Осылай Мұхаң «Қазақ оқырмандарына ашық хат» жазды: *«Осы күнде не қылса да оқығандардың бәрі де барын салып еңбек қылып, осы өкіметті сендіру керек. Сонымен бүгінгі мекеме атаулыда бос қалып жүрген қазақтардың мұң-мұқтажын орындау керек. Қашып бағудың ешбір себебі жоқ. Совет өкіметі үлкен жазығы бар адамдарды да қатарына кіріп, пайдалы қызметтерді істеймін десе – құмайды. Егер қазақ оқығандары Совет өкіметінің қабағынан қорқып қашса, айтатын сөзіміз осы: Оқығанның қайсысы болса да азғантай пайда келтіре аларлығы болса, тезірек қалаға келіп қызметке кіруі керек… Қазақтың қамын жейтін оқыған болса …бос жүргеннің бәрі келуі керек» (М.Әуезов шығармалары. 1984. 15 т. 30 б).*

### «ҚАЗАҚ РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАЗАҚСЫЗ ҚАЛАДЫ»

Бұл – ұлттық патриотизмнің жарқын көрінісі. Қалай болғанда да оқығандар мемлекеттік қызметте көп болса, солғұрлым қазақтың, солғұрлым халықтың көзін ашады. Ол жаңа заманда адаспай өз орнын таба білгенін қалайды. Кейін большевиктер партиясының бір мемлекет құру идеясын жүзеге асыра бас-тағанын көрген соң, саяси жұмыстан біржола қол үзеді. Жан күйзелісін жазудың бір ғана жолы бар еді. Ол – қалам, ол – әдебиет. Әдебиет – үлкен әлем. Оған қаламгер бәрін де сыйғыза алады. Ақ қағаз бен сия сауыт Мұхтар Әуезовті әдебиеттің шыңына көтерді, ол өз қиял-дүниесінің билеушісі болып, сөз патшалығының хакіміне айналды… Қаламгер халыққа өз сөзін, өз көзқарасын жеткізудің бір ғана жолын көрді. Ол – драматургия еді. Әуелі «Ел ағасы» деген 4 көріністі драма жазады. Бірақ ол ізім-ғайым жоғалып кетеді. Ал «Бәйбіше–тоқалдың» жөні бөлек. Бұл шығарма әлі күнге театр сахналарынан орын алып жүр. Әр режиссер «Бәйбіше–тоқалды» әртүрлі қойғанымен, пьесаның негізгі лейтмотиві сақталуда. Бір-бірін көре алмайтын бәйбіше–тоқал орыс офицері келгенде жайылып төсек, иіліп жастық бола қалады. Авторлық ремарканың күштілігі сондай, мұнда болашақ ұлы жазушы қазақ болмысының трагедиясын күнделікті өмір көріністері арқылы дөп көрсетеді, іштегі қыжылын сыртқа шығарады.

1921-1922 жылдар қазақтың басына қара бұлт болып келді. Елді аштық жайлады. Бұл жас Мұхтардың көзқарасын толықтай қалыптастырды. Енді шыдау да, үнсіз қалу да мүмкін емес еді. Ол қазақ қызметкерлері Одағы кеңесінің мәжілісінде запыран сөзін айтты: *«Шындығына көшсек, ашаршылық жайлаған қырдағы елдің қырылғанының жанында, қаладағы аштықтың үрейлі көріністері ойын сияқты әсер етеді. Егер де бұл аудандарды аштықтан құтқару үшін дәл қазір шұғыл түрде шешуші шара қолданбаса, онда Қазақ Республикасы қазақсыз қалады… Өкімет басында отырған қазақ қызметкерлері, бұл істі дәл сол күйінде қалдырып қоюға болмайтыны өз алдына, бұл сіздер үшін қылмыс, біз бұл үшін Қазақ елінің алдында, өзіміздің арымыздың алдында жауаптымыз».* (ҚР МОА. 82 қор. 42-іс. 23-24 парақтар).

### «ҚАЗАҚТАҒЫ ҚАЛАМ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНЕ»

Мұхтар Әуезов халық трагедиясын өз трагедиям деп білді. Ащы шындықты ашық айтты, батыл айтты. Мұндай тақырыпты, әрине, жүрегінің түгі бар, ұлтжанды адам ғана қозғай алар еді. Міне, осындай жағдаяттар Мұхтар Омарханұлының жанын күйзелтті, мұндай қылмысты көру де, оған ортақтас болу да өліммен парапар еді.

1922 жылы «Шолпан» журналында Мұхтар Әуезовтің «Қазақтағы қалам қайраткерлеріне» атты ашық хаты жарияланды. Онда жазушы баспасөздің қоғамда

## ӘЛЕМ ҚАЛАМГЕРЛЕРІ – ӘУЕЗОВ ТУРАЛЫ

### «ҰЛТТЫҚ АСЫЛЫМ»

***«Өз басым өзге елге сапарға шығып, өзге жұрттың табалдырығын аттай қалсам, әрқашан қасиет тұтып, өзіммен бірге қастерлеп ала жүретін екі түрлі ұлттық асылым бар: – бірі «Манас», бірі – Мұхтар Әуезов».***

**Шыңғыс АЙТМАТОВ.**

### «ХХ ҒАСЫРДАҒЫ ЕҢ ҮЗДІК ШЫҒАРМА»

***«Эпикалық роман «Абай» менің ойымша ХХ ғасырдағы ең үздік шығармалардың бірі. …Әлемнің басқа елдерінде де онымен тең түсетін шығарманы табу қиын».***

**Луи АРАГОН.**

### «ҚҰЛАШЫ КЕҢ КІТАП»

***«Мұхтар Әуезовтің «Абайы» – бұл нағыз роман, басқаша айтқанда өмірдің тұтас қыртыстарын қопарған, тұрмыстың, адамдар арасындағы құштарлықтың, махаббат пен өшпенділіктің айқын бояулы суреттерін жасаған және ең бастысы, есте қаларлық жарқын образдар арқылы халық тарихының өмірлік процестерін жинақтаған, құлашы кең кітап».***

**Леонид СОБОЛЕВ.**

### «ҚАНДАЙ ТҰНЫҚ ПОЭЗИЯ!»

***«Сіз әлі Абайды оқыған жоқпысыз? Онда сіз мүлдем ештеңе оқымағансыз… Сіз сол дәуірді көзіңізбен көргендей айна-қатесіз танисыз. …Қандай тұнық поэзия! Проза формасымен басылған осынау қалың-қалың екі томның өн бойында бір жол қара сөз болсашы!».***

**Альфред КУРЕЛЛА.**

### «ҚАЗАҚТАР НЕТКЕН ҒАЖАЙЫП ХАЛЫҚ!»

***«Қазақтар туралы бұрын-соңды ештеңе естімегенмін. Шынында, бұл қазақтар – неткен ғажайып халық! Осы керемет «Абай» романында қандай тамаша суреттелген!».***

**Бенжамен МАТИП.**




алатын орны һәм оқырманға қаламгер қандай материалдар ұсыну қажеттігі туралы бүкпесіз ойын айтады. Әрі ұлттың басындағы жағымсыз әдеттерді сынап мінейді: «…Бұл баспасөздің басылуы, күшейген уақыты деуге болады. Бірақ қалың қазақтың тілегіне келгенде бұл, саны бар, сапасы жоқ сөздерге ұқсайды. Өте көп, өте қиын жаңа сөздер сөйленіп жатыр. Солардың әдебиет арқылы бірде-бірі қазақтың миына кеп, рухына сіңді ме? Сіңген жоқ. Себебі, бұл сөздер суықтық қылып отыр. Елдің қышулы жерін тауып, өзінің керек боларлық орнын білмегендіктен, оқушыны таба алмай отыр... Біздің осы күнгі баспасөзімізден арзан сөз жоқ... Жазушының міндеті: ел неге қызығады, нені көксейді, қандай рухы бар, соны ұғып алу, һәм соған лайықтап сөз жазу... Қазіргі кейбір баспасөздерде көбіне, қазақтың мақтаншақтығы шығатын болды... Шығып жатқан газеттердің бұндай істерге жамандау мен мақтаудан қолы тимейтін болса, оларға бетіңнен жарылқасын дейік... Таза әдебиетке бір жол салу, бет түзеу де бүгінгі күннің қарызы сияқты» («Шолпан» 1922 ж. №.2,3. А., «Анарыс» 2010ж., 70-71 б.).

Мұхтар Әуезовтің бұл хаты биліктегілердің шымбайына тигені анық еді. Ашық ойдан жау іздеу қара шегіркедей қаптап, қоюланып келе жатты. Енді әдебиеттегі «жолбикелермен» күрес мемлекеттік саясаттың бір тармағына айналды. Әрине, мұндай мақала үшін өкімет Әуезовті қалай жақсы көрсін. «Жолбикелермен» күрес басталды. Өкіметтің «жолбикелері» дегендері кімдер еді? Олар – Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Мұхтар Әуезов, Даниал Ысқақов, Жанша Досмұхамедов, Қошке Кемеңгерұлы сияқты Алаш ардақтылары болатын.

Осылай Мұхтар Әуезов пролетарлық әдебиеттен шошынған, ескі дәуірді аңсайтын, оның құндылықтарын жаңа заманның парасат биігінен жоғары қоятын қаламгерге айналып шыға келді.

## ҰЛЫНЫ ҰЛЫНЫҢ ТАНУЫ

Отызыншы жылдары Мұхтар Омарханұлының жағдайы күрт төмендеп, тұтқында отырады. Тергеу екі жарым жылға созылады. Осы тергеу материалдарын тауып, халыққа жеткізу міндеті тұр. Бұл күнге де жетерміз. Ол зобалаңнан Мұхаң «Социалды Қазақстан» мен «Казахстанская правда» газеттеріне өз қателігін мойындаған ашық хат жазып, әрең құтылады. Бірақ шындықты айтудан тартынып қалған жоқ. Күллі түркі әлемінің, құндылығы қырғыздың «Манасын» қорғаған ерлігі не тұрады?! Бұл, әрине, айтуға ғана жеңіл.

«Абай жолы», «Абай» эпопеясы Мұхаңның бағын да ашты, теперішті де көрсетті. Қоғамдық пікір сан алуан болды. «Абай» романы бірнеше мәрте талқыға түсті. Соның ең тоқетер сөзін, 1943 жылғы талқылауда қазақтың Ғабеңі, Ғабит Мүсірепов айтты. Сол сөйленген сөздердегі үзік-үзік пікірлерге ден қойып көрелікші:

*«Абай» − қазақ совет әдебиетінде, «роман» деген үлкен мағынаға толық жауап беретін бірінші роман»;*

*«Абайдай» шығарма бұл күнге дейінгі бүгінгі қазақ әдебиетінде болған емес»;*

*«…Қазақ деген елдің елдік дәрежесі шынында қандай еді, тарихтың қай сатысында тұрған еді, осының бәрін «Абайдан» толық көресің»;*

*«Бұл – жазушының өз өзегін өртеп, өз жүрегін тербетіп шыққан өз еңбегі!…».*

Қайран Ғабең! Қалай айтқан! Мұхаңды «Абай» романы үшін сынаған ғалым Есмағамбет Ысмайыловтың өзін сын тезіне алады, таққан айыптарын жоққа шығарады. Ұлыны ұлының тануы деген осы емес пе?!

*«Біздің Әуезовтен үйренеріміз көп. Әуезов Абайдан кейінгі қазақ әдебиетінің қалыптасу дәуірінде алғаш рет лирикалық, психологиялық биік өрелі прозаны жазуды үйретті».* Бұл қазақ әдебиетінің абызы Әбдіжәміл Нұрпейісов айтқан сөз.

«Менің Әуезовім» деп роман – эссе жазған академик Зейнолла Қабдолов *«Толстойды оқымай орысты, Бальзакты оқымай французды, Әуезовті оқымай қазақты білдім деу сондай қиын»* деп жазды.

Ұлы Абай шығармаларын орыс тіліне ғана емес, ағылшын, араб, француз, испан, неміс тілдеріне кемеліне келтіріп аударуымыз қажет. Өйткені, Абайды таныған ел қазақты танып еді, қазақты таныған ел Мұхтар Әуезов сынды ғұлама ғалымды, классик жазушыны тани түсер еді.

*«Романда ...ең бастысы – ұлы Абай өзінің бар болмысымен, тұлғасымен көрінген. Шығарма бізді оның өмірімен қоса, бүкіл творчествосымен, әр шығармасының туу жолымен таныстырады. Абайды көп елдердің өз шығармалары арқылы емес (оларды аудармасы әлі де қанағаттандырмайтыны белгілі) Мұхтар романы арқылы тануы да осының дәлелі»* деп жазған академик Серік Қирабаевтың пікірі әлі де өміршең.

Мұхаң сомдаған Абай Құнанбаев ірі тарихи тұлға ғана емес, өзі өмір сүрген қоғамның шырмауын үзіп шыққан ұлы ақын да. Ол образ ерекше болуға тиіс. Бірақ тарихи шындық бар емес пе? Абайдың өзінің өлмес өлеңдері көз алдында тұрған жоқ па? Міне, ұлы суреткер Абай бейнесін сомдағанда оның өмірбаянын романтикалық сарыннан арылтып, тарихи шындықтың шымылдығын ашады.

*«Абай образын оқығанда, бізді жалықтырмауы былай тұрсын, не нәрсе болсын, ол Абайша түсініп, Абайша сезінуге мәжбүр етеді. Абай образының еліктіргіш, иландырғыш күші міне осында»,* − деп жазыпты академик Мұхамеджан Қаратаев.

Академик Зәки Ахметов Мұхтар Әуезовтің романындағы әлдебір алыстағы, басқа бір күндердің елесін көргендей болады. Бұл «Абай» эпопеясының эпилогындағы толғаныс-толғам: *«Алда – өмір, тартыс. Сол тартыста бұл жалғыз. Шынға келсе, жап-жалғыз. Рас, оның бір қуаты, бір үміті бар екені рас. Қуаты – ақындық, үміті – халық. Бірақ бірі оянбаған күш болса, бірі танылмай, ұғылмай кетер ме? Жетер ме сабыр, жетер ме қайрат?».*

Бұл Абай арманы еді. Мұхтар Әуезов Абайдың мұндай тебіреністі, жан күйзелісті неге салды? Соның аржағынан Мұхтар Әуезов армандаған егемендіктің ұшқынын көргендей боламын…».

Әрине, мұндай аталы сөздерге иланасың. Өйткені, бұл көңіл күй «Абай» романын оқыған жанға өте түсінікті. Осылай Әуезов әлеміне өзің де бой алдырасың, оқи бергің, тоқи бергің келеді...

## АДАМЗАТТЫҢ ОРТАҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Мұхтар Омарханұлы Әуезов қазақ әдебиетін әлемге танытты. «Абай» туындысы эпостан – эпопеяға дейінгі қазақ әдебиетінің жүріп өткен жолының кемел кезеңін көрсетті. Үлкен әдеби мектеп қалыптасты. Әбдіжәміл Нұрпейісов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин, Ілияс Есенберлин, Шерхан Мұртаза, Сәкен Жүнісов, Мұхтар Мағауин, Қабдеш Жұмаділов сынды қазақ әдебиетінің алыптары Әуезовтің рухани мектебінен өтті. Осылай М.Әуезов ғалым, академик, жазушы ретінде жалпы әдебиеттің өркендеуіне үлес қосып қана қоймай, халық ауыз әдебиетінің асыл мұраларын, көшпенділер мәдениетін жинастырып, зерттеп, оны сахналап ұлтының ұлы тұлғасына айналды.

Әр ұлттың ұлы тұлғалары болады. Олар қаншама ғасырлар өтсе де сол ұлттың мөрі секілді санаға соғылып, адамзаттың ортақ құндылығына айналады. Ағылшындар үшін – Шекспир, француздар үшін – Бальзак, орыстар үшін – Пушкин, үнділер үшін – Тагор, өзбектер үшін – Науаи, түркімендер үшін – Мақтымқұлы, әзербайжандар үшін – Низами, қазақтар үшін әрине – Абай. Сол Абайдың ұлылығы мен данагөйлігін ашқан Мұхтар Әуезов те өткен ғасырдағы қазақ әдебиетінің алыбы.

Иә, бүгінгі қазақтың өмірі де, әлем картасында алып отырған орны да бөлек. Абай армандаған, Әуезов армандаған егемен Қазақстанның жаңа тарихы жазылып жатыр. Оның ұлттық төлқұжаты ретінде Абай сол жылнаманың басында тұр. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты ұлы жазушының 50 томдық толық шығармалар жинағы мен «Әуезов» энциклопедиясын шығарды. Бұл ұлттық қазына, ғылыми қазына.

Абай дегенде – Әуезов, Әуезов дегенде Абай көз алдыңа келіп тұра қалатыны бүкпесіз шындық. «Сіз Әуезовті әлі оқыған жоқсыз ба? Онда әлі ештеңе оқымаған екенсіз…».

**Уәлихан ҚАЛИЖАНҰЛЫ,**
**филология ғылымының докторы. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстанның Құрметті журналисі, ҚР ҰҒА академигі, Ш.Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың, «Құрмет» және «Парасат» ордендерінің иегері.**

**МҰХТАР ӘУЕЗОВТІҢ ОЙ-ОРАМДАРЫНАН:**

## «КҮШІҢЕ СЕНБЕ, АДАЛ ІСІҢЕ СЕН»

- **Адамның қай мінезі қасиетті болса, сол мінезі міні де болады.**
- **Театр – сымбатты өнердің ішіндегі ең зор өнердің бірі.**
- **Ұл тәрбиелей отырып, халықты тәрбиелейміз, қыз тәрбиелей отырып, ұлт тәрбиелейміз.**
- **Кімде-кім қазіргі уақытта ана тілін, өзінің әдебиетін сыйламаса, бағаламаса, оны сауатты, мәдениетті адам деп санауға болмайды.**
- **Дос таппаған ер азар, басшы бақпаған ел азар.**
- **Жауызға айтқан жақсы сөз – суға жазған сертпен тең.**
- **Жаза баспас қадам жоқ, жаңылмайтын адам жоқ.**
- **Еккенің тікен болса, орғаның балауса болмас.**
- **Тумай жатып толдым деме, толмай жатып болдым деме.**
- **Қай істің болсын өнуіне үш шарт бар: ең әуелі – ниет керек, одан соң – күш керек, одан соң – тәртіп керек.**
- **Азамат сыны – ерлік, ерлік сыны – елдік.**
- **Адам көркі – ақыл.**
- **Жігітті жылы сөз ширатпайды, қатты сын ширатады.**
- **Ой да көп, уайым да көп – ойлай берсең, Ой да жоқ, уайым да жоқ – ойнай берсең.**
- **Білім – бақтың жібермейтін қазығы, Білімсіз бақ – әлдекімнің азығы.**
- **Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін нәрсе – білім.**

*Алматы қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 26 қыркүйектегі №3/314-516 қаулысы*

## Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабы 2-тармағы 5) тармақшасының, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №10 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласының Бас жоспарын жүзеге асыру үшін (аумақты абаттандыру және көгалдандыру) Эльмира Жанбырбаевна Менсагиеваның Алматы қаласының Алмалы ауданындағы Артем көшесінің солтүстігі, Аносов көшесінің батысы мекенжайы бойынша орналасқан, ауданы – 0,0142 га (кадастрлық нөмірі 20-311-025-236) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иесі жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жариялансын.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иесін ескертсін және жер учаскесінің меншік иесіне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары М.Б.Әзірбаевқа жүктелсін.

**Алматы қаласының әкімі Е.ДОСАЕВ**

*Алматы қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 26 қыркүйектегі №3/314-517 қаулысы*

## Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

